

Әділетті Қазақстан

Әділетті Қазақстан дегеніміз – жалаң ұран емес, бұл – анық ақиқат. Алда атқаратын жұмыс көп. Біз бұған бір ел болып түгел атсалысуымыз керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘКІМ



ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЫҒАЯДЫ

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ


4



КЕПТЕЛІСТЕН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

7

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



КӨКЕК КЕЛМЕЙ, КӨКТЕМ ШЫҚПАЙДЫ

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

30.03.2023

Түнде:



+9+11 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+16+18 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 3-8, күндіз екпіні 13 м/с

31.03.2023

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №41 (6334) 30 наурыз, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/aqshamy.official

www.facebook.com/aqshamy.official

www.youtube.com/channel/UCx3M2x1Chx6Br1JgqyqeA

web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/aqshamy.official

twitter.com/aqshamy_kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЕЛ СЕНІМІ – ЕЛ АМАНАТЫ

Депутат болу – зор жауапкершілік және маңызды міндет



Мемлекет басшысы VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуына қатысып, сөз сөйледі

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабына сәйкес VIII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясын ашық деп жариялады. Ол бір жылдың ішінде еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде болған негізгі өзгерістерге тоқталып, жүзеге асырылған реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделгенін атап өтті. Бұл қағида – мемлекетіміздің басты тірегі.

2

ТУРИЗМ

«АЛМАТЫ – АЛМАНЫҢ ОТАНЫ»

Шетелдік блогерлер YouTube-арнасында біздің шаһар туралы ролик шығарды



Араб-израильдік танымал видеоблогер Нусейр Ясиннің шығармашылық командасының назары бұл жолы біздің ару Алматыға ауыпты. Дәлірек айтсақ, оларды Алматы мен алма қызықтырған секілді. Олар мегаполиске арнайы ат арытып келіп, қаланың ең танымал символы – алма туралы ролик түсірді.

12

ҚЫСҚА...

- Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық бюджетке өзгертулер енгізу туралы Заңға қол қойды.
- ҚР Президенті ел кәсіпкерлеріне үндеу жасады.
- Қазақстан Үкіметі отставкаға кетті.
- Биыл 84,7 мың отбасы атаулы әлеуметтік көмекке ие болды.
- Алматылық студент Ұлыбританияның 6 университетінен шақырту алды.
- Алматыда биыл 94 адам қайтарымызсыз грант ұтып алды.
- Қазақстанда алдағы күндері күн суытып, 22 градусқа дейін аяз болуы мүмкін.
- Мексикалық боксшы Головкинді жекпе-жекке шақырды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



VIII САЙЛАНҒАН ПАРЛАМЕНТТИҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы сайланған депутаттарды ел мүддесі үшін жұмыла жұмыс істеуге шақырып, Отанымызды өркендету жолында жасалатын өзгерістер әлі де жалғасатынын айтты.

— Бұл — ұзақ жолдың басы ғана. Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет. Бұл — аса маңызды жұмыс. Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз. Осылайша биліктің барлық институттары жаңарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды. Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Бәріміз мына бір өте маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Қазақстан — осы геосаяси аймақта түбегейлі реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел. Оның бәрі, ең алдымен, ел болашағы үшін айрықша маңызды, — деді Президент.

ПАРЛАМЕНТ:
НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР

Мемлекет басшысы депутаттарға бір ғана маңызды міндет жүктелетінін, яғни әрдайым өзгерістердің бел ортасында болу керек екенін атап өтіп, олардың маңызды шешімдер қабылдайтынын және сол үшін жүрт алдында жауап беретінін айтты.

Президент еліміздің негізгі басымдықтарына тоқталып, Парламенттің алдағы жұмысы туралы ойларын ортаға салды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында іскерлік белсенділікті ынталандыру, еліміздің өндірістік әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам капиталының сапасын арттыру, әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау, адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеруге мәселелеріне назар аударды.

• «Бірінші. Іскерлік белсенділікті ынталандыру қажет

Ең алдымен, әділ, тұрақты әрі ашық салық жүйесін қалыптастыру керек. Ірі кәсіпорындар және шикізат экспортымен айналысатын компаниялар қазынаға көбірек төлем түсірсе, әділдік болар еді. Бұл әлемде бар озық тәжірибе. Қазір елдегі жағдай түбегейлі өзгерді. Әділетті Қазақстан дегеніміз — жалаң ұран емес, бұл — анық ақиқат. Алда атқаратын жұмыс көп. Біз бұған бір ел болып түгел атсалысуымыз керек. Тағы бір маңызды мәселе. Үкімет және Парламент туризмді дамыту мәселесіне баса назар аударуға тиіс. Еліміздегі туризмнің әлеуеті зор, керікті жерлеріміз өте көп. Бірақ сол жерлерге барып, демалуға әлі де жұрттың қолы жете бермейді. Бұл салаға тың серпін беру үшін, ең алдымен, инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет. Кәсіпкерлер туризмнің болашағы зор екенін көруі керек. Сол үшін қажетті жағдайды жасаған жөн. Осы салаға салынған жеке инвестицияның көлемі, іштен және сырттан келген туристердің саны неғұрлым көп болса, жұмыстың нәтижесі де соғұрлым тиімді болмақ.

Жалпы орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау саясаты мемлекетіміздің ұзақ мерзімге арналған тұрақты стратегиясына айналуы керек.

Тағы бір өзекті мәселеге назар аударғым келеді. Зандар мен түрлі ережелерді әзірлеген кезде қаржы-өнеркәсіп топтары, ірі бизнес өкілдері шешім қабылдауға зор ықпал етеді. Ашығын айтсақ, бұл барлық елге, тіпті, дамыған мемлекеттерге тән жағдай. Бірақ осы үдерісті қоғамнан жасырмай, заңмен реттеу керек, әйтпесе, жемқорлық белең алады. Өркениетті елдерде саясат жабық есік жағдайында астыртын жасалмайды. Сондықтан лоббистік қызметті заңмен реттеудің және оған бақылау жасаудың халықаралық тәжірибесін зерттеу керек».

• «Екінші. Еліміздің өндірістік әлеуетін барынша арттыру маңызды

Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін пайдалы қазбаларға тәуелді болып отыр. Яғни ел экономикасының құрылымы — қарапайым. Шын мәнінде, бізге қарқынды даму үшін күрделі, әртарапты экономикалық құрылым қажет. Өрине, шикізат нарығындағы әлемдік бәсекеде біздің өз артықшылығымыз бар. Қазіргі және стратегиялық міндеттерді орындау үшін оны тиімді пайдалану қажет. Сондықтан осы саланы одан әрі дамыта беру керек. Қазба байлықты тиімді және үнемді пайдалану қажет. Ол үшін заңнаманы жақ-

ЕЛ СЕНІМІ —
Депутат болу — зор жауапкершілік

- **Бір жылдың ішінде елімізде Конституциялық реформа арқылы бүкіл жүйені өзгертетін қадамдар жасалды. Референдумды қосқанда өте маңызды 5 саяси науқан өткізілді.**

сартып, рәсімдерді жеңілдету керек. Геологиялық барлау және кеніштерді игеру ісіне инвестиция тарту айрықша маңызды. Үкімет пен Парламент осы салаға қатысты нақты шаралар әзірлеуге тиіс.

Быттыр тауар газының тапшылығына тап болдық. Бұл жағдай бүкіл еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне қатер төндіре жаздады. Мұндай келеңсіздікке жол бермеу үшін нарықты газбен қамтамасыз ету керек. Қазақстанда газдың бағасы көрші мемлекеттерге қарағанда әлдеқайда арзан. Шетелдегі сияқты әртүрлі тарифтерді бізге де енгізу мүмкіндігін қарастырып жөн. Жалпы, төмен тарифтер мен төмен бағалар экономикамызға теріс ықпал етеді. Бөлінген барлық субсидиялар көрші елдерге босқа кетеді. Қаншалықты қиын болса да, бұл мәселені біртіндеп шешу қажет. Басқа жол жоқ.

Бәсекеге қабілетті экономика дегеніміз — әртараптандырылған экономика. Пандемия және қазіргі геосаяси дағдарыс шикізат нарығының тұрақсыз екенін айқын көрсетті. Қазба байлыққа ғана арқа сүйеп, қамсыз отыратын заман келмекке кетті. Жер қойнауынан шыққан қазынаның қосымша құнын барынша арттыру керек. Оны сапалы және сұранысқа ие тауарға айналдыру өте маңызды. Бұған дейінгі индустриаландыру жұмысының барысында шикізаттық емес сала ойдағыдай дамыған жоқ. Азық-түлік пен күнделікті тұтынатын тауардың өзін әлі күнге дейін сырттан сатып алып отырмыз. Инфляцияның өсуіне басты себептің бірі — осы.

Еліміздің экономикасы сыртқы саудаға және инвестицияға әрдайым ашық. Қазақстан — Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі. Сондықтан сыртқы саудамызды еркін түрде дамытуымыз керек. Бірақ кемінде өз әлеуетіміз жететін нәрселермен өзімізді қамтамасыз етуіміз қажет. Мысалы, шикізат та, мамандар да, кейбір технология да өз елімізде бар.

Елдің ішкі сұранысын өтеуге қатысты бір негізгі ұстаным болуға тиіс. Ең алдымен, ішкі нарыққа бағытталған өңдеу өнеркәсібін дамытуымыз қажет. Өңдеу өнеркәсібін инновация мен жоғары технология ғана жедел дамытады. Бұл — айдаң анық нәрсе. Сол себепті, Қазақстан экономикасы ғылыми жетістіктерді негізге алуы керек. Зерттеу жүргізіп, патент алу жеткіліксіз. Ғылыми жаңалықтарды өндірісте пайдалану қажет. Ғылымды жан-жақты дамыту үшін жаңа заң қабылдау керек. Депутаттар осы заң жобасына мән береді деп ойлаймын».

• «Үшінші. Инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау қажет

Менің тапсырмаммен электр энергетикасы нарығын дамытудың жаңа үлгісі дайындалып жатыр. Сол арқылы осы салаға қосымша инвестиция тарту көзделіп отыр. Сондай-ақ,

бұл құжат осы саланың барынша ашық болуын қамтамасыз етпек. Біз еліміздің инфрақұрылымдық қуатын қалыптастыруымыз қажет. Сондықтан мен Ұлттық инфрақұрылым жоспарын қабылдауды ұсынамын. Құжатта осы саладағы басты мәселелер ашық көрсетілуге тиіс. Сонымен бірге, 2029 жылға дейін іске асырылатын негізгі жобалар қамтылуы қажет.

Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй — ең өзекті мәселе. Маған азаматтардан күн сайын жүздеген өтініш келеді. Оның ішінде қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді сұраған хаттар өте көп. Бұл түйткіл мемлекет тарапынан мүмкіндігінше шешіліп жатыр. Тағы да қайталап айтамын, мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді. Тұрғын үй саясаты нарықтағы ахуалға тығыз байланысты. Сондықтан біз осы саладағы саясатымызды қайта қарап, оның мейлінше әділ әрі икемді болуын қамтамасыз етуіміз керек».

• «Төртінші. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беру қажет

Ауыл шаруашылығын қарқынды дамытуға қажетті жағдай жасау — мемлекеттің міндеті. Сонымен қатар, ауыл-аймақтарды кешенді түрде өркендету аса маңызды. Елімізде бірнеше жылдан бері «Ауыл — ел бесігі» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Соның аясында 1 мыңнан астам ауылдағы үш мың жеті жүз нысан жаңғыртылды. Оның бәрі — әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандары. Бұл жұмыс болашақта да жалғасады. Биыл тағы 1,5 мыңнан астам жобаға бюджеттен 143 миллиард теңге бөлінді.

Мен сайлау алдында ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту қажеттігі туралы анық айттым.

Бұл — маңызды міндеттің бірі. Оны ауыл шаруашылығы кооперациясы арқылы жүзеге асыру керек. Сол үшін «Ауыл аманаты» жобасы қолға алынады. Ауыл тұрғындарына 5–7 жылға жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Ауыл шаруашылығы кооперативтері халыққа қызмет көрсету және өнім өткізу үшін құрылады. Оларға құрал-жабдық және техника сатып алу үшін субсидия беріледі. Осы мақсатқа 1 триллионға жуық теңге бөлінеді.

«Ауыл — ел бесігі», «Ауыл аманаты» жобалары ауылды дамытуға арналған жаңа тұжырымдамаға арқау болуға тиіс. Топырақтың құнарын сақтап, оны жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану үшін бақылауды күшейту маңызды. Өнім көлемін арттыруға және оны әртараптандыруға баса мән берген жөн. Ауыл шаруашылығы саласындағы реформаларға сапалы заңдар қажет.

Тағы бір мәселе — су қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл — стратегиялық маңызы бар міндет. Алдағы уақытта су мәселесі ушығып кетуі мүмкін. Сол себепті бізге оның алдын алу қажет. Қазір Үкімет Су кодексінің жаңа жобасын әзірлеп жатыр. Су ресурстарын тиімді басқаруға және оларды қорғауға баса назар аудару керек. Осы жұмыста ғылыми ұстанымды, инновацияны, халықаралық озық тәжірибені басшылыққа алған абзал. Біздің елде судың 65 пайызы ауыл шаруашылығы саласына жұмсалады. Соның 60 пайызға жуығы құмға сіңіп кетеді. Мұндай ысы-

рапшылыққа жол беруге болмайды. Жаңа тариф саясатына көшу қажет. Оны дереу қолға алмасақ, ахуал одан әрі күрделене түсетіні анық».

• «Бесінші. Адам капиталының сапасын барынша арттыру керек

Қазақстанның басты байлығы — адам. Қарым-қабілеті зор, білімді азаматтар елімізді алға бастайды. Сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет. Соңғы жылдары мемлекет бұл салаға инвестицияны едәуір көбейтті. Балабақша тапшылығы біртіндеп азайып келеді. Барлық облыста мектеп салу, оны жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Оқу орындарын материалдық-техникалық жабдықтау ісі жанданды. Бірақ мұның өзі жеткіліксіз.

Білім сапасын, әсіресе, орта білімнің деңгейін арттыру үшін батыл шешім қабылдау қажет. Білім беру саласында ұстаз — ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыра беруіміз керек. Алайда, мұғалімдердің, директорлардың және педагогикалық оқу орындары түлектерінің көпшілігі Ұлттық біліктілік емтиханынан өте алмады. Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды.

Бәлкім, оны жеңілдету, жетілдіру керек шығар. Бұл салада қатып қалған қатаң ереже болмауы керек. Бірақ негізі, ұстаздарға қойылатын талап жоғары болуға тиіс. Мұғалім тапшылығын желеу етіп, мектепке кез келген адамды жұмысқа ала беруге болмайды. Мұндай әрекет ұстаздардың біліктілік деңгейін күрт төмендетеді. Сол себепті, мұғалім даярлау ісін жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Бұл — өскелең ұрпақтың болашағына байланысты өте маңызды міндет. Білім беру жүйесіндегі менеджментті жақсартуға баса мән берілуіне тиіс. Осы салаға нағыз кәсіби мамандарды тарту қажет. Бізде Президенттік жастар кадр резерві бар. Дәл сол сияқты білім саласына өзгеріс әкелетін 1 мың маман арнайы дайындықтан өтетін болады. Осыған орай тиісті бағдарлама қабылданады. Кадр мәселесі жоғары білім беру жүйесі үшін де өте өзекті.

Адам капиталын дамытуға қатысты тағы бір мәселе — Денсаулық сақтау жүйесінің тиімді болуы. Еліміздегі медицина инфрақұрылымын жақсарту қажет. Оның жай-күйіне қатысты түйткілдер аз емес. Мемлекет соның бәрін біртіндеп шешіп жатыр. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауыл-аймақта 600-ден астам нысан салу жоспарланған. Жұмыстың бәрі уақтылы әрі сапалы жасалуы керек. Бұл — өте маңызды. Барлық жауапкершілік әкімдерге жүктеледі.

Сондай-ақ, медицина қызметкерлерінің құқығын қорғауға көп көңіл бөлу қажет. Олардың әлеуметтік жағдайы да назардан тыс қалмауға тиіс. Осыған қатысты арнайы заң жобасы Парламентте бір жылға жуық талқыланды. Бұл құжатта, негізінен, дәрігерлердің жауапкершілігін сақтандыру ғана көзделген. Қазір саламатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамыту айрықша маңызды. Әсіресе, балалардың спортпен айналысуына жағдай жасау қажет. Мұның бәрі халықтың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді. Мен бұл мәселе жөнінде Жолдауымда айттым.



ЕЛАМАНАТЫ

және маңызды міндет

- Президент жеті жылға бір рет қана сайланатын болды.
- Парламенттің құзыреті мен қызметі қайта қаралып, депутаттардың рөлі едәуір күшейді.
- Конституциялық Сот құрылды. Бүкіл сот жүйесіне түбегейлі реформа жасау басталды.
- Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қатысты жұмыс жаңаша сипат алды.
- Азаматтардың саяси өмірге емін-еркін араласуына жол ашылды.

Мемлекет спорт инфрақұрылымын жетілдіруге көп көңіл бөледі. Елімізде 43 мыңнан астам спорт ғимараты бар. Олардың жартысынан көбі ауылдық жерде орналасқан. Бірақ қарапайым және қолжетімді нысандар әлі де аз. Спорт ғимараттарының басым бөлігі мемлекет меншігінде. Оларды күтіп ұстауға бюджеттен қомақты қаржы бөлінеді. Спорт саласын өркендетуге жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, меценаттардың және жарнама берушілердің әлеуетін пайдалану қажет. Сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілін кеңінен қолдану керек. Бұқаралық спортты дамытуға тұрғындардың ынтa бiлдiрiп, белсендi атсалысуы маңызды. Мемлекет бұған барлық жағдайды жасауға тиіс.

Жалпы, бұл саладағы жұмыста көзбояушылық пен әміршілдік-әкімшілдік тәсілден бас тарту қажет. Үкімет пен әкімдіктер тиісті бағдарлама әзірлеп, шешім қабылдаған кезде осының бәрін ескеруге тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе бар. Мәдениет саласындағы саясатты жан-жақты ойластырып жүргізу керек. Қазір бұл саланы өркендету үшін жаңа тұжырымдама жасалып жатыр. Бұл құжат еліміздің мәдени мұрасын сақтау, насихаттау және ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде шешуші рөл атқарады деп сенемін.

Шығармашылық зиялы қауым көпшіліктің көңілінен шығатын, мемлекеттің мүддесіне сай келетін туындылар ұсынады деп үміттенемін. Осы ретте креативті индустрияға жүйелі қолдау көрсету өте маңызды. Адам капиталын тұрақты дамыту жылдам өзгеріп жатқан қазіргі әлемде табысты ел болудың басты кепілі болады деп санаймыз. Біз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру арқылы әділетті мемлекеттің және үйлесімді қоғамның негізін қалаймыз. Мен «Қазақстанның халық әртісі» атағын қайта қалпына келтіру туралы шешім қабылдадым. Биыл қазан айында – Республика күнінде осы атаққа лайықты мәдениет қайраткерлерінің алғашқы тобы марапатталады.

- **«Алтыншы. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау – басты міндеттің бірі**

Қиындыққа тап болған жандар еш көмексіз қалмауы керек. Мемлекеттің әділдігі мен қоғамның жанашырлығы осындайда көрінеді. Әсіресе, ана мен баланы қорғауға айрықша көңіл бөлінуге тиіс. Менің тапсырмаммен биыл бала күтіміне жәрдемақы беру мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға ұзартылды. Тұрмысы төмен отбасындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға берілетін әлеуметтік көмек қайта қаралды. Енді 100 мыңнан астам бала бұл көмекті ақшалай алатын болады. Көпбалалы отбасыларға да айтарлықтай қолдау көрсетіліп жатыр. Жарты миллионнан астам отбасына арнайы жәрдемақы төленеді.

Мен бытыр «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын көтердім. Қазір осы бастаманы жүзеге асыруға дайындық жүргізіліп жатыр. Мемлекет мұқтаж жандарға атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді жалғастыра береді.

Осы орайда ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арнайы тоқталғым келеді. Елімізде осы санатқа кіретін 700 мыңнан астам адам бар. Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауы оларға оңай тиіп отырған жоқ. Біз ерекше қажеттілігі бар адамдарды және олардың күтушілерін қолдау шараларын күшейтуіміз қажет.

Сондай-ақ, асыраушысынан айырылған азаматтар назардан тыс қалмауы керек. Осы орайда Үкіметке аталған санаттағы адамдардың жәрдемақысын орта есеппен 14,5 пайызға көбейтуді тапсырамын. Мұны биылғы 1 қыркүйектен бастап қолға алу қажет. Қазақстан біздің аймақтағы осындай әлеуметтік жәрдем беретін жалғыз мемлекет деуге толық негіз бар. Жалпы, әлеуметтік қолдау алдында ала және шын мәнінде мұқтаж жандарға көрсетілуі керек.

Дегенмен, кез келген көмек масылдыққа себеп болмауы керек. Әсіресе, еңбекке жа-

рамды жас азаматтар жәрдемақыға қол жаймауға тиіс. Денсаулығы мықты, күш-қуаты бар азаматтар үшін бұл – ұят нәрсе. Ал зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдарға айрықша көңіл бөлу керек. Осындай жұмысшыларға арнайы төлем төлеу мәселесін ойластырған жөн. Бұл ретте еліміздегі және халықаралық тәжірибені мұқият зерделеу маңызды. Мемлекеттік көмек әлеуметтік қатердің салдарын жоюға емес, оның алдын алу үшін берілуі қажет. Парламент пен Үкімет осы бағытта бірлесе жұмыс істеуі керек. Қазақстан халық партиясы мен Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының депутаттары әлеуметтік мәселелерді шешуге белсене атсалысады деп сенемін».

- **«Жетінші. Адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайтуды жалғастыру қажет**

Өмірдің барлық салаларында құқық үстемдігі қағидатын сақтау еліміздің үдемелі ілгерілеуінің іргетасы болуға тиіс. Әрбір азаматтың өз құқықтарын қорғауға сенімді болуы, соттардың әділдігіне күмәнданбауы маңызды. Бұл ретте жоғары кәсіби және сатымайтын судьялар корпусын қалыптастыру шешуші рөл атқарады. Екінші жағынан, барлық азаматтар үшін сотта өз құқықтарын қорғау мен сапалы заң қызметтеріне тең қолжетімділік болуы керек. Осы мақсатта мемлекет әлеуметтік осал топтардан зардап шеккендерге заң көмегіне кепілдік береді.

Сондай-ақ, адвокаттардың рөлін арттыра түсу қажет. Оларға сотқа дейінгі тергеудің басынан бастап қылмыстық істің материалдары еш кедергісіз берілуі тиіс. Жұрт заңдардың кейбір ережелеріне наразылық білдіріп, шағым айтуда. Конституциялық Соттың шешімдері кейбір шағымдардың орынды екенін көрсетіп отыр. Яғни заңнаманың жекелеген нормалары Ата Заңға қайшы екені анықталды. Бұл келенсіздіктер құқық қолдану ісінде қиындықтар туғызады. Конституцияға қайшы мұндай нормалар жарамсыз деп танылады. Осындай ережелерге сүйеніп қабылданған соттың және басқа мемлекеттік органдардың шешімдері қайта қаралуға тиіс.

Заңдарымыз Конституцияға толық сай болуы керек. Парламент осы маңызды мәселеге байланысты табандылық танытып, басты рөл атқаруы қажет. Бұл жұмыс азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жүйесін күшейте түсуге мүмкіндік береді. Құқық қорғау саласындағы тағы бір күрделі мәселе – адам саудасы. Бұған тосқауыл қою үшін арнайы заң қабылдау қажет».

- **«Сегізінші. Мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеру қажет**

Сайлау алдындағы бағдарламалар және уәделер ретімен орындалуы керек. Сонда азаматтардың билікке және шынайы өзгеріске деген сенімі артпайды. Реформаларды әзірлеу және жүзеге асыру ісінде мемлекеттік қызметшілер маңызды рөл атқарады. Сол себепті жұмысқа ынтасы бар және жоғары білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тарту керек. Жеке секторда жүрген кәсіби және дарынды басқарушылар үшін жол ашық болуға тиіс. Бізге мемлекеттік қызметтің барынша үйлесімді үлгісіне көшу қажет. Орталыққа жалтақтамай, жергілікті жерде мәселені шешуге дағдылану керек. Мемлекеттік органдардағы жұмысты ұйымдастыру мәдениетін де толық жаңғыртқан жөн.

Сапалы мемлекеттік қызмет көрсету үшін деректер қорын өзара кіріктіру және «ақылды технологияны» пайдалану өте маңызды. Бұл кадам қабылданатын шешімдердің сапасын арттырады. Сондай-ақ, шалғайдағы ауыл тұрғындарына осы игіліктің бәрі қолжетімді болады. Ол үшін мемлекеттік қызмет, мемлекеттік статистика және мемлекет көрсететін қызметтер туралы заңдарға өзгертулер енгізу қажет.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жаңғырту мәселесіне жеке тоқталғым келеді.

Соңғы жылдары әлемде теңдессіз геосаяси, экономикалық және технологиялық өзгерістер болды. Осыған орай біздің кейбір стратегиялық құжатымыз өзектілігін жоғалтты. Сондықтан «Қазақстан – 2050» стратегиясын түбегейлі қайта қарау қажет. Яғни бұл құжатты қазіргі жаһандық үдерістерді ескере отырып, ел дамуының ұзақ мерзімге арналған басымдықтарын айқындайтын стратегияға айналдыру керек.

Жалпы, кез келген жұмыс мұқият жоспарлануы керек. Сонда мемлекеттік саясат стратегиялық сипатқа ие болады және тұрақты жүзеге асырылады. Сонымен бірге, еліміз кез келген сын-қатерге төтеп бере алады.

Ел мүддесінен жоғары ештеңе жоқ

«Мына мәселені баса айтқым келеді: ел мүддесінен жоғары ештеңе жоқ. Сондықтан популизмге, жеке бастың мүддесін көздеуге жол бермеу керек. Парламент пен мәслихаттар әрдайым бірлесе жұмыс істеуі қажет. Сонда мемлекет саясаты барынша үйлесімді болады. Жергілікті биліктің шамасы келмейтін ауқымды мәселелерге орталық дер кезінде көңіл бөледі. Реформалардан кейін депутаттардың өкілеттігі біршама кеңейді. Қос палатаның жұмысына бірқатар өзгеріс енгізілді. Бұрын заң жобасын Мәжіліс мақұлдап, Сенат қабылдайтын. Енді заң қабылдау құзыреті Мәжіліске берілді. Мәжіліс басқа да артықшылыққа ие болды. Сондықтан осы залды Мәжіліске тұрақты түрде пайдалану үшін беру керек деп ойлаймын. Осылайша жоғары өкілді орган шын мәнінде ықпалды Парламентке айналды.

Мен Премьер-Министрдің кандидатура-сын сайлауда жеңіске жеткен партия Мемлекет басшысына ұсынуға құқылы деп айттым. Осы ретте саяси жауапкершілік те сол партияға жүктеледі. Бұл тәсіл «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сай келеді. Үкімет әлеуметтік-экономикалық реформаларды іске асыруға тиіс. Болашақта Үкіметтегі және аймақтардағы басшылық қызметтерге түрлі партия өкілдерін тартқан жөн. Ол үшін саяси партиялардың кадрлық резервін жасақтауды ұсынамын. Сондай-ақ, өкілді және атқарушы биліктің қарым-қатынасы жаңаша сипатқа ие болады. Енді Үкімет шын мәнінде есеп беретін Үкіметке айналады. Министрлердің өз жұмысын жетік білуі ғана жеткіліксіз. Олар өз ұстанымын Парламент алдында қорғауға қабілетті болуға тиіс. Өз бастамаларын қоғамға анық түсіндіруі қажет. Қазір Үкіметтің қателігі мен кемшілігін ашық айтып, жөнге салып отыруға толық мүмкіндік бар.

Осы мүмкіндікті халық мүддесі үшін дұрыс пайдалану керек. Парламенттің өз жұмысы да барынша ашық болуға тиіс. Бүгінде оның жиындары интернет арқылы көрсетіледі. Бұл жақсы үрдіске айналды. Оған журналистер де, қалың көпшілік те қызығушылық танытады. Парламентте аса маңызды мәселе талқыланса, жалпы отырысты мемлекеттік телеарна арқылы тікелей эфирде көрсету қажет деп санаймын. Азаматтар өздері сайлаған депутаттың қалай жұмыс істейтінін нақты көріп, баға бере алады. Парламенттегі пікірталастар, шын мәнінде, жалпыұлттық ауқымға ие болады.

Сонымен бірге, бұл тәсіл ашық саясат жүргізудің жаңа стандарттарын қалыптастыруға, қоғамдық диалог мәдениетін дамытуға септігін тигізеді. Депутат болу – биік мансап емес, бұл – зор жауапкершілік және маңызды міндет. Сіздерді халық сайлады. Жұрт өздеріңізге сенім артып отыр. Ел сенімі – ел аманаты. Бізге орасан зор жауапкершілік жүктелген. Бұл – өткен тарихтың және болашақтың алдындағы жауапкершілік. Келер ұрпақтың қандай мемлекетте өмір сүретіні біздің бүгінгі шешімдерімізге тікелей байланысты.

Еліміздің мақсаты – айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Мұның бәрі бір күнде жасалатын шаруа емес. Баршамыз табанды, еңбекқор, білікті, ұқыпты, тәртіпті болуымыз керек. Ең алдымен, отаншыл болуымыз қажет. Ұлттың және мемлекеттің мүддесі бәрінен биік тұруға тиіс. Әрине, қоғамның дамуы үшін пікір алудың қажеті бар. Бірақ елдік мәселелерге келгенде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген жөн. Елімізді өркендету үшін еңбек ету – барша-мыздың азаматтық борышымыз. Ендеше, Отан алдындағы осы перзенттік парызымызға әрдайым адал болайық».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Ерлан КАРИН:

БАСТЫ МАҚСАТ – ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Президенттің 29 наурызда Парламентте сөйлеген сөзінде мынадай негізгі меседждер болды:

1. Саяси реформалар жалғасады, саяси жүйе одан әрі жаңғыртыла береді.

2. Қазақстан – дамудың жаңа үрдісін қалыптастырып, түбегейлі реформа жүргізіп жатқан геосаяси төңіректегі бірден-бір мемлекет.

3. Мемлекет басшысы өзінің сөзінде алғаш рет Атапат партиясын ғана емес, Парламентке өткен басқа да партияларды атап өтті. Осылайша партиялардан дербес тұрған саяси төреші мәртебесін тағы бір рет көрсетті.

4. Мемлекеттің басты назары өзекті экономикалық мәселелерді шешу жағына ойысады.

5. Шағын және орта бизнесті дамыту ісі енді мемлекеттің экономикалық саясатының өзегіне айналады.

6. Барлық әлеуметтік топ өкілдеріне қатысты мемлекеттік қолдау шараларына тоқталған Президент өзінің саяси бағдарында әлеуметтік мәселелерге баса мән беретінін айқын аңғартты.

7. Президент ұзақ мерзімге арналған стратегиялық жоспарлауға қатысты ұстанымдарды, жаһандық үдерістерді ескере отырып, қайта қарауды ұсынды.

Ең бастысы, Президент басты мақсатына жету, яғни халықтың әл-ауқатын арттырып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолында өзі бұған дейін ұсынған негізгі қағидаттарға арқа сүйейді. Бұл қағидаттар – заң үстемдігі, ел бірлігі, әлеуметтік жауапкершілік және ішкі саяси тұрақтылық.

Майра ИЛЬЯСОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі:

«ХАЛЫҚ ӘРТІСІ» АТАҒЫ ҚАЙТА БЕРІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстанның Халық әртісі» атағын қайта қалпына келтіруі біз үшін зор қуаныш болып отыр. Сәтін салса, алдағы Республика күні қарсаңында өнерден өз бағасын алған талай таланттарымыздың еңбегі жанғалы тұр. Осынау қуанышты хабарды өнер адамдары аса ерекше тебіреніспен қабылдап жатыр. Өнер адамдары бір-бірімізден сүйінші сұрап жатқан жайымыз бар. Өзім де зор қуанышпен қабылдадым. Тіпті, «Қазақстанның Халық артисі» атанып кеткендей құлағымға жақсы естілді. Кезінде «Қазақстанның Халық артисі» атағына ұсынылып, енді құжатымды дайындап жатқанымда бұл атақты алып тастаған еді. Әрине, мен ғана емес, өнерде ұзақ жылдар еңбек етіп, «енді атақ аламыз-ау» деп күткен талай әншілеріміз, театр әртістері дымсыз қалғандай күй кешкені жасырын емес. Сол тұста «Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері» атағын бала да, шаға да алып, тіпті оған Мәдениет министрлігінің «Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген атағы қосылып, түсініксіз боп кеткен еді. Қазір өзім Еркеғали Рахмадиев атындағы Астана филармониясында еңбек етіп жатырмын. Президентіміздің бұл бастамасы құлаққа жағымды, жүрекке жылы тиді.



ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЫҒАЯДЫ

Алматыда Қазақстан мен Қытай келісім-шартына қол қойылды

Шараға қала басшысы Ерболат Досаев қатысты. Қазақстан қытайлық сатып алушыға \$1 млрд-тан астам сомаға 135 тауар позициясы бойынша өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы тауарларының кең ассортиментін ұсынуға дайын.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ҚКП ОК Саяси бюросының мүшесі, ҚКП Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитетінің хатшысы Ма Синжуйдің Қазақстанға ресми сапары аясында Алматыда өткен Қазақстан мен Қытай шекара ынтымақтастығының 2-ші Достық диалогына қатысушылар екіжақты экономикалық өзара қарым-қатынастарды нығайту туралы келісті.

Қазақстан мен Қытай арасында барлық бағыт бойынша өзара қарым-қатынастар ерекше сипатқа ие. Мұны екі елдің сауда, инвестициялар, логистика мәселелеріндегі үздіксіз өзара іс-қимылы дәлелдеп отыр.

«Мемлекет басшылары жан-жақты ынтымақтастықты дамытуға көп көңіл бөледі. Биыл «Бір белдеу – бір жол» бастамасына 10 жыл толады. Осы кезеңде арадағы серіктестік жаңа деңгейге көтерілді. Ынтымақтастықтың барлық бағыттары бойынша оң серпін байқалады. Бүгінде Қазақстанда тау-кен металлургия кешені, өңдеу өнеркәсібі және басқа да стратегиялық салаларда 3 300 бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді», – деді Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин форумды аша отырып.

Екі елді дәстүрлі түрде байланыстыратын негізгі аймақ – қытайлық Шыңжаң, оның үлесіне Қазақстан мен Қытайдың барлық тауар айналымының 40%-дан астамы тиесілі. Сонымен қатар, екі мемлекеттің сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту әлеуеті зор.

Вице-премьердің айтуынша, Қазақстан қытайлық сатып алушыға \$1 млрд-тан астам сомаға 135 тауар позициясы бойынша өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы тауарларының кең ассортиментін ұсынуға дайын. Атап айтқанда, қазақстандық кәсіп-



орындар Қытайға салқындатылған ет өнімдерін, балық өнімдерін, құс еті мен қосалқы өнімдерді, шошқа етін, жұмыртқаны, жылқы етін және жоғары маржиналды тауарлардың басқа да түрлерін жеткізе алады.

«Бұл үшін қазақстандық ет өнімдерін Қытайға экспорттауға жануарлардың ауруларымен байланысты шектеулерді жою өте маңызды. Жақында Жануарлардың денсаулығын сақтау дүниежүзілік ұйымы ауыл тіркелмеген және оған қарсы екепке салынған Қазақстанның бес оңтүстік-шығыс аймағының мәртебесін растауды ұсынды», – деді Серік Жұманғарин Қытай делегациясының өкілдеріне.

Сонымен қатар, форумда вице-премьер ҚХР Бас кеден басқармасы мамандарының қазақстандық өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге инспекция жүргізу үшін Қазақстанға келу қажеттігін атап өтті. Бұл отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің кейбір түрлеріне қойылатын талаптар туралы хаттамаларға қол қою және келісу рәсімін жеделдетуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан ҚХР-ға жыл сайынғы бидай жеткізу көлемін 1 млн тоннаға дейін және одан да жоғары деңгейге жеткізуге дайын. Бұл үшін инфрақұрылымдық мүмкіндіктер де бар. Мен бір теміржол астық құрамын ҚХР-дың бонд аймағына пилоттық негізде бағыттау туралы тапсырма бердім», – деп Серік Жұманғарин диалогқа қатысушыларды хабардар етті.

Сондай-ақ, вице-премьер өзара сауда мәселелерін жедел шешу үшін ҚР мен ҚХР

арасында Ауыл шаруашылығы жөніндегі шағын комитет құруды ұсынды.

Форумда тараптар жол бойындағы өткізу бекеттері, логистикалық орталықтар мен көлік инфрақұрылымы жұмысының тиімділігін арттыру жолдарын талқылады.

Қазіргі уақытта «Қорғас» ХШҰО және «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-да сауда инфрақұрылымы мен шекаралық бақылау жүйесін жаңғырту шаралары қабылданып жатыр. Транзиттік бағыттар, оның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағыты аясында дамуда. 2022 жылы Қазақстанның теміржол арқылы транзитпен жүк тасымалдау көлемі 1,1 млн тоннаға ұлғайып, 9,4 млн тоннаға жетті. ҚХР-дан автокөлікпен транзиттік тасымалдау екі есе өсіп, 980,6 мың тоннаны құрады.

Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің ақпараты бойынша, Ляньюньган портында Қазақстан–Қытай логистикалық терминалымен бірге жүктердің кедергісіз транзиті үшін қажетті база қалыптастырылған. Қолайлы инфрақұрылымдық жағдай жасау үшін Үрімші мен Алматыда сауда хабын салу жоспарланып отыр. Бұдан басқа Бакты (ҚР) – Шәуешек (ҚХР) автомобиль өткізу бекеті ауданында Қазақстан мен Қытай арасындағы үшінші теміржол өткелі ашылмақ.

Шараға Алматы қаласының, Қазақстанның төрт шекара маңы облысының (Абай, Жетісу, Алматы, Шығыс Қазақстан) әкімдері және ШҰАА өкілдері, сондай-ақ екі елдің бизнес-делегациялары қатысты. Атап айтқанда, форумға 150-ден астам қазақстандық

кәсіпкер, 20 жетекші Шыңжаң кәсіпкері, Қазақстандағы ірі инвестициялық Қытай кәсіпорындарының 10 өкілі келді.

Форум аясында экономиканың түрлі салаларында, атап айтқанда, құрылыс, энергетика, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, туризм, инвестициялар және т.б. салаларда қазақстандық және қытайлық кәсіпкерлер арасында В2В форматында екіжақты келіссөздер өтті. 16 екіжақты құжатқа қол қойылды, оның бесеуі – \$565,4 млн-ның коммерциялық құжаты.

Шараны Алматы қаласы әкімдігі және «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ-ның қолдауымен ҚР Сауда және интеграция министрлігі ұйымдастырды.

АНЫҚТАМА: 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен ҚХР арасындағы өзара сауда \$24 млрд-қа жетті. Қазақстандық өнімнің Қытайға экспорты үштің бірінен астамға өсіп, \$13 млрд-тан асты. Импорт 33,5%-ға өсіп, \$11 млрд-ты құрады.

Қазақстан Қытайға мұнай, мыс және мыс катодтар, кен және мыс концентраттары, табиғи газ, феррокорытпалар, уран, күнбағыс майын экспорттайды. ҚХР-дан негізінен телефон аппараттары, есептеу машиналары, электр өндіретін қондырғылар, кара металдардан жасалған бұйымдар, шиналар, автомобильдер мен тракторларға арналған бөлшектер мен керек-жарақтар, жол және құрылыс техникасы, автомобильдер әкелінеді.



Әлеуметтік кодекс жобасы әзірленеді

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Назгүл Сағындықова Әлеуметтік кодекстің негізгі бағыттарын түсіндірді.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы Жолдауында Әлеуметтік кодексті әзірлеу тапсырмасы берілген болатын. Биыл 16 наурызда нормативтік құқықтық акт Сенатта қабылданып, Мемлекет басшысының қарауына жіберілді. Әлеуметтік кодексте мемлекеттік әлеуметтік саясаттың ортақ қағидаттары мен бағыттары бекітілетін болады.

«Кодекстің қабылдануымен белгілі бір жағдайға тап болған адам қандай әлеуметтік қолдау шаралары барын және оны шешудің ықтимал жолдарын анықтай алады. Кодексте әлеуметтік қолдау бағыттарының орналасуы адамның өмірлік цикліне сәйкес келеді», – деді вице-министр.

Сондай-ақ, оның айтуынша, құжаттағы негізгі маңызды мәселелер – атаулы әлеуметтік қолдауды күшейту, әлеуметтік сақтандыру және зейнет-ақы жүйесін дамыту, мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтерді қолжетімді ету, цифрлық жұмыспен қамту орталықтарын құру және еңбек нарығын жүйелеу. Кодекс жобасы мен тұжырымдамасын әзірлеу үшін министрліктің базасында арнайы жұмыс тобы құрылды. 50-ден астам заң мен 200-ге жуық заңға тәуелді актілер зерделеніп, әлеуметтік саясат саласындағы халықаралық тәжірибе ескерілді. Кодекс 5 бөлімнен және 21 тараудан тұрады.

Қазіргі уақытта департамент жобаның нормаларын нақтылау үшін ақпараттық науқан жүргізуде. Мобильді топтар жұмыс берушілер, еңбек ұжымдары, жергілікті атқарушы органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен кездесулер өткізуде.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



Алматыда жыл басынан бері 94 адам қайтарымсыз грант ұтып алған. Оның құрамында 61 көпбалалы ана, 13 мүгедек бала тәрбиелеп отырған жан, асыраушысынан айырылған 6 отбасы және мүмкіндігі шектеулі жандар бар. Жалпы, биыл 4 іріктеу кезеңі өткізіліп, бас-аяғы 375 адам кәсіп иесі атанады. Ал берілетін қайтарымсыз гранттың мөлшері – 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, яки 1 миллион 380 мың теңге.



ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ

Биыл 94 алматылық қайтарымсыз грант ұтып алды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жұмыспен қамту орталығының бөлім басшысы Гаухар Әуелованың айтуынша, көпбалалы аналардың көбі үйден шықпай-ақ бизнеспен айналысқысы келеді. Көбі бизнес жобаларын дайындап жатыр.

«Төрт пісіріп, қулинария жасағын өзін дамытқысы келетін жандар көп. Бухгалтерлік қызмет көрсетуді де ұсынғандар бар. Грант ұтып алғандар ереже бойынша 3 айдың ішінде мемлекет берген қаражатты игеруі тиіс», – дейді бөлім басшысы.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар қаражаты – қажетті еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, жануарлар-

ды, малды, құстарды сатып алу үшін нысаналы мақсатта пайдаланылады. Гранттар – тұтынушылық мақсаттарға, кредит қарыздарын өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдердің өндірісіне және жалдау ақысы ретінде берілмейді.

Қажетті құрал-жабдықтарын алған соң кәсіп иелері жұмыспен қамту орталығы мамандарына есеп тапсырады. Одан кейін де әр 3 ай сайын 1 жыл көлемінде жұмыс барысымен таныстырып отыруға міндеттеледі. Ал кәсібін ашпай, мемлекет берген қаржыны басқа мақсатта жұмсағандардың ісі сотқа жолданады.


Айта кетейік, бірінші кезеңде бизнес идеясын жүзеге асырғысы келген 1 мыңнан аса адам құжат тапсырған.



МЕДЕУ АУДАНЫ

19 ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ

Соңғы жылдары Алматы тұрғындары қала үшін де, жайлы өмір үшін де қолайлылығымен ерекшеленген жобаның тұрақты қатысушысына айналды. Әр жылдары қолға алынған жоба аясында қала көркі абаттанып, танымастай өзгеріп жатыр. Аталмыш жоба аясында Медеу ауданының тұрғындары да тыңнан түрен салып, талай тамаша істің куәсі емес, тікелей қатысушысына айналды. «Алматының алқасы, ару қала қалқасы» атанған Медеу ауданы алып шаһардың жүрегі іспетті. Сондықтан аудан аумағына көне шаһардың көзі, өткен күннің жәдігеріне айналған тарихи ғимараттар орналасқан. Мемлекеттің тікелей қорғауына алынған көне ғимараттардың біразы да осы ауданның еншісінде. Сонымен, 2022 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында Медеу ауданында 19 жоба іске асырылды. Оның ішінде қоғамдық кеңістікті абаттандыру үшін – 8, контейнерлерді орнату үшін – 11 жоба жүзеге асырылды.



РАЯ ЕСКЕНДІР

Аудан тұрғындарын Талғар трактісінен Жиренше көшесі, 31-ге дейін Тіксай өзені бойындағы учаскенің жағдайы қатты алаңдатып, нәтижесінде «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтініш білдірген еді. Жоба аясында қараусыз аймақ адам танымастай өзгеріп, абаттанып шыға келді. Бүгінде бұл аумақ басқаша қырынан танылып, халық игілігіне жарап жатыр.

Алматының өзендері Алматының өкпесі іспетті. Дегенмен, кейбір тұрғындардың жауапсыздығынан өзен аңғарлары құл-қоқысқа толып, өкпесінің «қабынып» жататыны жасырын емес. Сондықтан аудан тұрғындары былтырғы жылғы жобаға атсалысып, өз өтініштерін жолдаған еді. Нәтижесінде Жиренше көшесі, 31-ден Жиренше көшесі, 89 а-ға дейін Тіксай өзенінің жағалауы таспен өріліп, айналасы абаттанды. Өзен аңғары

таудан құлаған сумен толып, жағалауында жүргіншілер жолы пайда болды. Қазіргі таңда тұрғындардың бұл маңда еркін қыдыруы үшін шамдар орнатылып, самаладай жанып тұр.

Алматының табиғатына әр беріп тұратын Тіксай өзенінің байырғы қала тұрғындары үшін орны ерекше. Қариялар «ерте-ректе тауда өсетін алмаларды осы өзеннен қалқып алатын едік» деседі. Бәлкім, сол әдемі үрдіс жалғасатын да шығар. Өйткені, осы жоба аясында Жиренше көшесі, 89 а-дан Шәріпов көшесі, 74-ке дейінгі Тіксай өзенінің жағалауына жүргізілген күрделі жөндеуден соң, өзеннің өзі де, өкпесі де тазарды. Өзеннің ендігі тағдыры тұрғындарға тікелей қатысты. Жоба аясында абаттанған өзен жағалауы бүгінде тұрғындар серуендейтін демалыс алаңына айналып отыр.

Аудан әкімімен болған кездесуде тұрғындар Казачка өзені мен Жарбұлақ өзенінің бойындағы серуендеу аймағының тағдырына алаңдаушылық білдіріп, жиі мәселе көте-

ретін. «Халық қатысатын бюджеттің» арқасында бұл маңай да абаттанып, келбеті көріктенді.

Сонымен қатар, Дачный тұйық көшесі бойына қарасты Жарбұлақ өзені бойындағы учаскеге де абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, өзгеше кейіпке енді. Қала тұрғындары мен қонақтары жиі тоқтайтын Төлебаев көшесіндегі, нақтырағы Қабанбай батыр көшесінен Жамбыл көшесіне дейінгі сәулет ансамблі қайта жаңартылды. Аталмыш жоба барысында Қалдаяқов көшесі қиылысы мен Төле би көшесі бойындағы аллеяға да жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мұнда балалар алаңқайлары мен спорт алаңдары, орындықтар мен урналар орнатылды.

Аудан тұрғындары тарапынан «Халық қатысатын бюджет» жобасына келіп түскен өтініштердің дені баспалдақтар салуға арналды. Осы ретте Қамар сұлу көшесі, 43 А бойынша, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 29-да баспалдақтарға жөндеу жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ, Пушкин көшесі, 28-де

балалар және спорт алаңы мен Зенков көшесі, 86 бойынша аула аумағына көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

«Халық қатысатын бюджетке» тұрғындар тарапынан келіп түскен ең көп өтінім қоқыс контейнерлеріне қатысты болған еді. Жоба аясында Бөгенбай батыр көшесі, 75, Пушкин көшесі, 84 бойынша, Гоголь көшесі, 15, Уәлиханов көшесі, 36 бойынша, Достық даңғылы, 29, Уәлиханов көшесі, 84, Достық даңғылы, 109 а, Жетбаев көшесі, 45-ге, көмілген үлгідегі қоқыс контейнерлерін орнату Бәрібаев көшесі, 8, Қайырбеков көшесі, 10, Достық даңғылы, 19, Жетбаев көшесі, 41, Жетбаев көшесі, 36 Ибрагимов к-сі, 14-үй, Қайыпов к-сі, 1-үй, Қонаев к-сі, 163-үй, Уәлиханов көшесі, 137, Бәрібаев көшесі, 18, Пушкин көшесі, 116 / Достық даңғылы, 71 маңайына қоқыс контейнерлері орнатылды.

«Халық қатысатын бюджет» аясында Медеу ауданы бойынша барлығы 3 текше метр көлеміндегі 96 көмілген контейнер орнатылды.

АЛАТАУ АУДАНЫ

ЕҢ БАСТЫСЫ, ХАЛЫҚ РИЗА

Алматыда «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтініш қабылдау жүріп жатыр. Қалалық ортаны дамытуға бағытталған жобаға қала тұрғындары 30 наурызды қоса алғанда, өз ауданын абаттандыру бойынша жобалық ұсыныстар бере алатынынан да хабардар.



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бағдарламаның мүддесі – біреу. Қарапайым халық бюджет қаржысының қайда, қанша жұмсалатынына үлес қоса отырып, өздері тұратын аймақты көркейту, алып шаһарды тамсанбауға болмайтын ғажайып мекенге айналдыру. Бұл қала аумағына кіретін барлық аудандарды қамтитын, Алматының абаттануына көмегі тиетін тиімді жоба.

Егер тұрғындар балалар алаңы мен ауласын жөндеу керек болса, бос жатқан, қараусыз қалған жерлерді қоғамдық кеңістікке айналдырғылары келсе, «Халық қатысатын бюджет» жобасына ұсыныс бере алады. Бағдарламада жаяу жүргінші жолын, пандус, арық салу мен жөндеу, спорт алаңдарын салу, қоқыс тастайтын жерлерді жою, аймақты көгалдандыруға қатысты да жоба ұсыну қарастырылған. Барлық талаптардан сүрінбей өткен жобаны жүзеге асыруға қала бюджетінен қаржы бөлінеді. Бүгінде Open Almaty порталына қала тұрғындарынан 431 жоба келіп түскен. Өткен жылы 1321 жоба ұсыныпты.



Жобаның авторы Гүлфия Жұманқызы.

Дейтұрғанмен, жобаның жүзеге асуы әр ауданда әртүрлі.

Мәселен, берілген мүмкіндікті Алатау ауданының тұрғындары ұтымды пайдалануда. Олай деуімізге дәлел көп. Газетіміздің өткен сандарының бірінде қоғам белсендісі Айжан Сатыбалдиеваның идеясымен жүзеге асқан жоба туралы жазған болатынбыз. Бүгін де сол ауданның және бір белсенді тұрғынының ел игілігі үшін атқарған жұмысы жайында айтпақпыз.

«Шаңырақ-1» ықшамауданының тұрғыны Гүлфия Ұлғарақова да өткен жылы аталмыш бағдарламаға жоба ұсынған екен. Көпбала-

лы ана «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы жайында ауданның белсенділерінен естіп-біліпті.

– Мұндай жобаның бар екенін «Шаңырақ-1» ықшамауданының белсенділерімен болған кездесулердің бірінде естідік. Олар бізге көшемізді көркейтуге, балаларымызға арнап ойын алаңдарын орнатуға осы жоба арқылы қол жеткізуге болатынын айтты. Біз тұратын Қоғалы көшесінің бас жағында үлкен бос жатқан жер бар еді. Іші қысқа толы, құраған шөбі көп жер қоршалып тұратын. Ешкім ол жаққа аяқ баспайтын. Міне, сол жерді дәл осы бағдарлама шеңберінде

жүзеге асырсақ деген маған ой келді. Содан дереу көршілерімізбен ақылдасып, ортақ чат ашып, салатын ойын алаңының жобасын жасадық. Сметасын есептедік те, жобаға құжат тапсырдым, – дейді ол.

Гүлфияның жобасын тұрғындар қуана қабылдапты. Көршілер жан-жақтан қолдау көрсетіп, нәтижесінде 914 дауыс жинаған. Сарапшылардың сүзгісінен өткен жоба осылай жүзеге асқан.

– Жобаның схемасын жасағанда бізге «Шаңырақ-1» ықшамауданының белсендісі, бұл істе үлкен тәжірибесі бар Айжан Тынышбекқызы көмектесті, – дейді ол әңгіме барысында.

Қоғам белсендісі халықпен тығыз байланыста жұмыс істеп, қолдау білдірген қала басшысына, аудан әкіміне, көріктендіру бөлімінің мамандарына алғыс айта келіп, бағдарламаның тиімділігіне тоқталды.

– Бағдарламаның Алматының дамуына қосып жатқан үлесі зор. Нәтижесін көріп отырмыз. Қазір балалар ғана емес, әлем алақандай құрылғының «тұтқынына» айналған. Үлкен де, кіші де телефонға құмар. Ал мынадай әдемі ойын алаңдары бой көтерсе, балаларды бір мезгіл смартфондардан алшақтауға болады, – дейді Г.Жұманқызы.

Гүлфия ұсынған жобамен бой көтерген алаң кеше ғана ешкімге керексіз болған жер еді. Ал бүгін міне, халықтың ең жиі жиналатын сүйікті мекеніне айналды. Мұнда балаларға арналған ойын алаңы, жасөспірімдер үшін футбол алаңы, үлкендерге арналған тренажерлар бар. Қуанарлығы, заманауи үлгідегі эткеншектері бар алаң бүгінде баланың күлкісіне толы. Ең бастысы, халық риза.

ДЕЙІН



КЕЙІН





ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

ҒЫЛЫМҒА РЕФОРМА КЕРЕК

Қазақстанда көптеген саяси өзгерістер орнау үстінде. Жаңарған, әділ қоғам ұстанымы қолға алынды. Бағдарлы бағытта бірқатар істер атқарылып та жатыр. Осы қарқынды үдетіп, дамудың даңғыл жолына қадам баса беру маңызды саналады.

Ел мүддесі бәрінен биік. Оны қастерлеу – парыз. Сонымен бірге, ел дамуы үшін өндіріс орындарын, ғылымды өркендету, ұлттық құндылықтарды дәріптеу маңызды. Көнеден жеткен аталы сөз кездеседі. Яғни «ғалымның хаты өлмейді» деп тәмсілдепті. Мұның баршасы Әділетті Қазақстан ұғымына сай келеді. Осыған орай, Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик, химия ғылымының докторы Мұрат ЖҰРЫНОВ-ТЫҒ ой-пікірін білген едік.

ӘДІЛ ҚОҒАМҒА ЖЕТЕЙІК

Әділетті Қазақстан текке айтыла салған сөз емес. Тарихи салмағы бар ұғым. Мұны да тарқатып айтатын шақ келді. Бүгін қылған іс ертеңге шежіре. Бәлкім, тәжірибе шығар. Ең бастысы, заңы бәрінен биік тұрған ел құрайық. Азаматтары еңбекқор, жастары алғыр, халқы рухты болсын. Сонда мамыражай, бейбіт, ешкімге жалтақтамайтын қоғамға айналамыз.

Әділет деген ойдың астарында терең мағына жатыр. Жай айтыла салмаған ой. Әр адам осы елді дамытуға үлес қосуы шарт. Мұны жиі айтып келеміз. Ешкім келіп істеп бермейді. Әркім өз басын асырайтын капиталистік замандамыз. Отансүйіштік қасиетімізді ұштайық. Туған елге қалтқысыз қызмет қылайық. Сонда ғана осы бір ұғымның аясы кеңейеді. Ұрпаққа тигізер үлгі-өнегесі мол болады.

ЕЛ РИЗАШЫЛЫҒЫНА БӨЛЕНЕЙІК

Ата-бабамыздан қалған жерүсті, жерасты байлығы бар. Менделеевтің химиялық кестесіндегі элементтердің 99%-ы кездеседі. Барлық металдың түрлері ұшырасады. Жылына 100 миллион тоннаға дейін мұнай шығарамыз. Соны тиімді игеретін кезең келді. Өңгімені тереңнен қаузаымын. Бір кездері ҰҒА экономистерін жинадық. Академик Кенжеғали Сағадиевтің тобы санап шықты. Бір қорытындыға топтасты. Қазақ еліндегі металл шығаратын 5 зауыт, 3 мұнай өңдейтін зауыт істеп тұрса, экономика қуаты артады.

Өзім химия саласының маманымын. Сондықтан ел ризашылығына бөленудің тиімді жолдарын айтуды жөн көремін. Қазақстанға кем дегенде тағы 2 мұнай өңдейтін зауыт салу қажет. Кем дегенде, 1 зауыт мұнай қалдықтарын өңдесе дейміз. Мұнайдан түрлі бұйым шығаруға болады. Германияда 21 мұнай өңдейтін зауыт жұмыс істейді. Бірақ жерінің астында мұнайы бар дегенді естімедік. Азиядағы дамыған елдердің қарыштап дамуының құпиясын білесіздер. Бәрі өңдеуші өнеркәсіпке әлдеқашан көшіп кеткен. Мұнай мен газға сеніп отыратын заман артта қалды. Өзі түк өндірмейтін елдің болашағы бұлыңғыр.

Еліміздің барлық өңірлерінде химия өндірістері бар. Шымкент, Өскемен, Қарағанды, Ақтөбе сынды өңірлерді тізіп айтуға болады. Ондағы бой көтерген зауыттар Кеңес дәуірінде өнім берді. Шикізат алатын орын ғана болды. Қалғаны елден сыртқа шығарылды. Бүгінде әлгі зауыттардың біразы жұмыс істеп тұр. Кейбірі істен шыққан болуы да мүмкін. Жакында Қытайда болдық. Біз ашқан жаңалықты оларға көрсеттік. Сөйтіп, Өскемендегі белгілі бір зауыттың басшылығына көрсеттік. Ал ол құлықсыз. Бірнеше зат өндіріп басын ауыртқысы келмейді. Оған вагон-вагонымен сатып, тыныш отырғаны тиімді. Осыдан кейін қайтып дамимыз. Сондықтан ірі кен орындары, зауыттар мен фабрикалар мемлекет меншігіне өтуі тиіс. Мемлекет күш салған жерде өнім мен пайда қатар жүреді. Осыны ұмытпайық.

КӨҢІЛ БӨЛІНСЕ – ӨРКЕНДЕЙМІЗ

Мемлекет басшысы ғылымға ерекше көңіл бөліп отыр. Өзім қабылдауында болғанымда сүбелі ойларыммен бөлістім. Сөйтіп, ҰҒА-сының бойына қан жүгіртудің тетіктерін қарастырдық. Ойымды әріден бастайын.

Бүгінде Ғылым Ордасы акционерлік қоғамы бар. Яғни бұрынғы Ғылым академиясы деген сөз. 1991 жылдары жағдай қиын болды. Елдің бәрі тым-тырақай жан-жаққа тарады. Ғалымдар күн көрісті ойлады. Сырт елге қоныс аударғандары да болды. Елең-алаң шақта академияны таратып тындық. Басты кілтпан – қаржы тапшылығы. 2010 жылы дәстүрлі формадағы кандидат, докторлық дәрежені алып тастадық. Болон жүйесіне дереу көшіп алдық. Содан бері 13 жыл өтті. Біздің кандидат күйінде қалған адамдарымыз көп. Ресей, Қырғызстан, Өзбекстанды сағалап жүр. Доктор болғысы келеді. Ғылымға үлес қосуды ойлайды. Докторлық дәрежесі болмаса жарытып тамақ ішіп, күн көріп кету мұн. Екінші жол бар. Яғни тым болмай бара жатса, шетелге тайып тұрудан басқа амал қалмады.

Бұл – бүгінгінің шындығы. Қазір корреспондент-мүшесі, академик болатындар қалмай барады. Дәстүрлі жолмен докторлықты қорғағандардың арты 60 жаста, алды ғасыр жасауда. Лайым, ұзақ жасасын. Осылайша өз қолымызбен қазақ ғылымын қылықандырып отырмыз.

ГРАНТТЫҚ ЖОБА 5 ЖЫЛҒА БЕРІЛСЕ ЕКЕН

Ғалым ғылыми жобамен айналысады. Көңігі маман зерттеу үстінде жүрмесе, ауырып қалады. Өз ісіне берілген жандар жерлерлік. Ақшасы тиын-тебен болса да, ғылым-



нан кетпей жүрген адамдарға ескерткіш қоюымыз керек.

Гранттық жобаны ұтып алу – футболдан әлем чемпионатын ұтқанмен тең болып барады. Ашқан жаңалыққа иек артып жатқан пенде баласын аңғармадық. Қазір ғылыми жоба 27 немесе 30 айға береді. Әрі кетсе 36 айға ұзартады. Былайша айтқанда, 2,5 – 3 жыл. Жобаны өткізесің деп жүргенде жарты жыл кетеді. Ұсынганыңыз ННС-тен өтіп, министрліктен бекітілсе, сұраған қаражатыңыз беріледі. Алайда, кейбір ғылыми институттар 3-4 гранттық жобамен отыр. Сонымен жан бағады. Таралымы бірнеше дана ұжымдық монография шығарады. Оған жалақыны қосыңыз. Аз ғана қаражатты ары да, бері де тартып жеткізе алмай дал боласыз. Содан кейін сынаушылар «жасаған ғылымдарың көні» деп өре түрегеледі.

Ғылыми жоба 5 жылға бекітілсе екен. Ғалым әлеуметтік жағдайға бас қатырмасын. Ол оданша ғылымына бас кетірсін. Шетелге шығатын іссапарларына арнайы қаржы мол бөлінсе, сырт жақпен қарым-қатынас нығая

Қазіргі геосаяси жағдайда біз мемлекеттілігімізді біртіндеп нығайтып, реформалар мен жаңару бағдарын нық ұстануымыз қажет. Барынша мұқият әрекет жасап, еліміздің ұзақ мерзімді мүддесіне сай жұмыс жүргізуіміз керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



түседі. Базалық жалақы институт қызметкерлерінің бәріне түгел төленсе дейміз. Магистрден бастап академиктерге дейін қаржыдан қыжалат көрмеуі тиіс.

Жоба ұсынғанда, есеп өткізгенде ағылшын және орыс тілінде ғылыми есебін сұрап мезі етеді. Тілді меңгер. Оған қарсы емеспіз. Алайда, үш тілде есеп сұрауды тоқтатайық. Қазақ елінде мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Сондықтан қазақша есеп берсек жеткілікті деп білеміз. Қағазбастылықты жою қажет. Бітпейтін есеп-қисаппен бас қатырудың қажеті жоқ. Бюрократия ғалымның қолын байлайды. Ғылымды бойлатпайды.

Аппауыт державалар ғалымның ашқан ғылыми зерттеуіне ынтық. Тіпті, олигархтар да қаржыландырып жатады. Ал бізде тау қопарсаң да қауқарсыз саналасыз. Ғалымдардың жеткен жетістігіне атқамінерлер құлақ

билік арасында өзара ықпалдастық дами түсер еді.

ЖАСТАРДЫ ҒЫЛЫМҒА ТАРТАЙЫҚ

ТМД аумағында түбегейлі үш сатылы білім жүйесіне көшкен жалғыз ел – бізбіз. Дәстүрлі тұрғыда қорғайтын кандидаттық, докторлық дәрежені жойдық. Бүгінде магистратура мен PhD докторантураға иек артып алдық. Осы ғылым саласына ғұмырын арнаған адам ретінде бір нәрсені шегелеп айтатын. Қазақстанда 50 де 50 форматы жүруі керек. Яғни бұрынғы дәстүрлі қорғауды қайта енгізейік. Екінші тараптан магистр, PhD қорғап шығуға да мүмкіндік берейік. Болон системасының өзінде бұрынғы жүйемен қорғауға болады деген сөз кездеседі. Осы мәтінді негізге алып, бұрынғы жүйені қайта орнатайық. Магистрді ғылыми деңгейде мойындап, ақша төлеп, PhD дәрежесіне берілетін қаржыны көбейтейік. Бұл жас ғалымдарға үлкен стимул болар еді.

Барлық нәрсе жалақыға келіп тіреледі. Мен Химия институтының Бас директорлығын қатар атқарамын. Маған жастар көп келеді. Сөйтіп, жұмысқа қабылдана алдында айлығын сұрайды. Бастапқыда 100–150 мың теңге болатынын айтамын. Бірден еңселері түседі. Әлгі жас маман оданша 2 жерге күзетші болып 200 мыңнан артық алуды ойлайды. Оның бұл ойы дұрыс. Тапқанының жартысын пәтерге берсе, қалғаны ішіп-жеуінен артылмайды. Ал ол жас маман үйленгісі келеді. Шаңырақ құрған болса, тіпті қиын. Осының бәрін көріп-біліп жүрген жас мамандар бір күні АҚШ, Еуропа, берісі Түркияға кетеді. Дамыған елдерде 5–10 мың доллардан артық айлық алады. Біздікіндей ипотеканы ойлап, миын шаршатпайды. Үйленсе, бала шағасына барлық жағдай жасалады. Осыдан кейін қалайша жас маманды қолда ұстап тұрамыз.

Өзіміз кандидаттықты Мәскеуде қорғдық. Араға 11 жыл салып докторлық диссертацияны қорғап елге оралдық. Үйлендік. Балалы болдық. Қыруар шаруаның арасында қосымша жұмыс қылдық. Кеңес кезеңін сынап жатамыз. Алайда, ғылымға деген көзқарас ол уақытта жоғары-тұғын. Бір нәрсені тұжырымдап айтатын, жас ғалымдарды дөп қазіргі сәтте ғылыми процестерге үйреткен абзал. Әйтпесе, жасы үлкен ғалымдар артындағы жастарға тәлім-тағылымын айтып үлгермейді. Жас ғалымдардың айлығын арттырып, әлеуметтік мәселесін тездетіп шешейік.

СКОПУС БОС ШЫҒЫН

Қазір Scopus және Web of Science журналына мақаласы шыққан адам дүниедегі ең бақытты адам саналады. Басында шетелдік журналға мақала жарияласа жеткілікті еді. Бүгінгі таңда оның процентиі жыл сайын өсіп барады. Қаншама монография жазсаңыз да, Scopus болмаса ешкім емессіз. 35 процентиіден кем емес шетелдік ғылыми журналға мақала жариялауға міндеттейді. PhD қорғайтын болсаңдар 25 процентиі болатын Scopus мақаласын талап етеді. Web of Science бойынша Q1, Q2 дәрежесіндегі ғылыми мақала сұрайды. Q4 болса дымға жарамсыз. Шетелде бұлай ғылым жасалмайды. Бізде – парадокс!

Академик болса да Scopus және Web of Science журналында ғылыми мақаласы болмаса, құныңыз көк тиын. Біздің ұсынысымыз бар. Ғылымды дамытатын болсақ, оны әлемдік аренаға шығарамыз десек, шетелдік журналға міндеттегенді доғарайық.

● ТҮЙІН:

Қорыта айтқанда, Ұлттық Ғылым академиясын тікелей Президентке бағынатын мемлекеттік мекеме ретінде статусын нақтылап бекітейік. Құрамына бұрынғы институттарын қайтарайық. Германия, Франция, Ресей және т.б. елдерде Ғылым академиясы жұмыс істеп тұр. Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, М.Әуезовтер қызмет қылған, Алаштың алып тұлғалы ғалымдары мен қайраткерлері маңдай терін төккен қасиетті қарашаңырақты қайта жаңғырттайық.

Әділетті Қазақстанды орнататын зиялы қауым! Сол әділ әрі зерделі қоғам орнасын десек, ғалымның жағдайын түзеу маңызды демекпіз.

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

КЕПТЕЛІСТЕН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

алматылықтар қоғамдық көлікпен жүруге бір сағаттан астам уақыт жұмсайды

Алматының көлік құрылымын, оның ішінде қоғамдық көлік қызметін заманауи үлгіде қалыптастыру – жауапты сала мамандарының ұдайы назарында. Дейтұрғанмен, қала көшелеріндегі кептелістер азаяр емес.

А **Құралай**
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде Алматының қоғамдық көлігін күніне миллионнан астам жолаушы пайдаланады. Демек, халықтың басым бөлігі автобус, троллейбус, метро секілді көпшілік мінітін көліктермен жүреді. Алайда, бір мәселе бар. Жолаушылар қоғамдық көлікпен А нүктесінен В нүктесіне жету үшін бір сағаттан аса уақыт жоғалтады. Оған басты себептердің бірі – көлік тығыны екені даусыз. Статистикаға сенсек, кептелістен ең көп зардап шегетіндер көлік жүргізушілері екен. Олар күніне шамамен 360 сағатын, ал жылына 45 күнін жолдағы кептелістерге жұмсайтын көрінеді.

Цифрландыру басқармасының мәліметінше, Алматыда жұмыс күндері 555 мыңға дейін көлік жүреді. Оның ішінде таңертеңгі және кешкі қарбалас уақытта 170 мыңға дейін көлік қозғалысы байқалады. Олардың барлығы тәулігіне 16 млн шақырым жол жүреді. Әлбетте, олардың ішінде қоғамдық көлік, жеңіл көлік жүргізушілері – барлығы бар. Демек, статистика көлік кептелістерінің күн артқан сайын өршіп бара жатқанын көрсетеді.

Қала тұрғындарын мезі еткен кептеліс мәселесі бүгінде әлеуметтік желілерде жиі талқыланады. «Жұмысқа баратын немесе қайтатын қарбалас уақытта көлік кептелісінің салдарынан көп уақыт жоғалтамыз, автобусы ұзақ күтуге тура келеді, троллейбустар желіде ток болмауы себебінен жиі тоқтап қалады, кейде тіпті бағытын ауыстырып жатады. Жұмысқа, сабаққа кешігіміз. Ол аздай, жүргізушілер жолаушыларға дөрекі мінез-құлық көрсетіп, мәдениетсіздік танытады» дейді олар.

Мамандардың айтуынша, көлік кептелістерін тудыратын бірнеше фактор бар. Шамадан тыс көліктердің көптігі, ауа райының қолайсыздығы, жолдардағы жөндеу жұмыстары, көліктердің жолда бұзылуы мен жол апаттары көлік тығынының орын алуына бірден-бір себеп. Демек, жол-көлік апаты тек жоғары жылдамдықта ғана емес, кептеліс кезінде де орын алады. Себебі, көлік тығыз орналасқан жолда жүру шын мәнінде өту қауіпті әрі ыңғайсыз екенін мамандар дәлелдеп отыр. Түптеп келгенде, мұның барлығы көлік қатынасының бұзылуына әкеліп соғуда. Алматы жұртшылығының «қоғамдық көліктер дұрыс жүрмейді» деп шағымдануының басты себебі, міне, осы.

ЕРТЕ ШЫҚПАСАҢ, КЕШІКТІМ ДЕЙ БЕР

Көлік қатынасы, әсіресе, қала шетінен келіп жұмыс істейтін жандар үшін тіпті қиын. Өйткені, кептелістің көкесі сол жақта болады. Мәселен, таңғы уақытта Құлжа тас жолы мен Алтын орда базары жақтағы үлкен жолдарда таңғы 5-тен қалаға қарай ағылатын көлік саны көбейеді. Егер таңғы 7.00-ден кейін жолға шықсаң, жұмысқа да, жоспарлап баратын жеріне де кешіктім дей бер. Бұл уақытта автомагистральды жолдардың өзі көліктің көптігінен бітеліп қалады.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін аялдамаларда тұрған жолаушылардың бірін сөзге тарттық. Өзін Азамат Ерболатұлы деп таныстырған азамат қалаға Талғардан келіп жұмыс істейді екен. Жігіт ағасы жол қатынасының қиындығымен күресуге еш дәрменсіз екенін білсе керек, автобусы сағаттап күтетінін, келген күннің өзінде кейде, тіпті, оған сыймай қалатынын, адам көп, автобус аз екенін айтып, шағымдана жөнелді. Иә, «жолдың жайын жүрген білер». Күнде бір бағытта жол жүре бермейтін болған соң, кейбірімізге мұндай жағдай таныс та болмауы мүмкін. Ал бір автобуспен жұмысына барып-келетін жан үшін бұл тақырып өте маңызды.

Шынында да, автобус өз уақытынан кешіккен сайын, аялдамаға жолаушылар көп жинала бастайды. Сондықтан айналасы 5–10



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

● МАМАН ПІКІРІ:

Жұмажан ЖАҢБЫРОВ,
техника ғылымының докторы, көлік саласының профессоры:

ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛСА, КӨЛІК АЗАЯДЫ

Менің зерттеуімше, елімізде 4 миллион 300 мыңдай автокөлік бар. Солардың 50%-дан астамының пайдалану мерзімі 20 жылдан асып кеткен. Ол «Евро-4» емес, тіпті «Евро-2»-ге сай емес. Кейде көшеден біз де май ағып, түтіндетіп кетіп бара жатқан көліктерді байқап қаламыз. Міне, осындай көліктерге шектеу қою керек. Егер көлігіңнің техникалық көрсеткіші стандартқа сай болса, оған ешкім қарсы емес. Әйтпесе, қалаға кірмей, шетке қалдыр да жүре бер. Қазір Алматының өзінде 700–800 мыңға жуық машина жүреді. Егер осындай шектеулер қойылатын болса, қалада көлік санын 30–35%-ға автоматты түрде азайтуға болар еді. Осы саланы зерттеп жүрген маман ретінде мен сырттан келген көліктердің Алматыға кіруіне шектеу қоюды ұсынар едім.

Бұл – әлем елдерінде бар тәжірибе. Мәселен, Германияның үлкен қалаларына сырттан келетін қонақтар бұған үйренген. Қаланың сыртына дейін көлігін айдап келіп, автоматұраққа қалдырып, шаруасын бітірген соң қала сыртынан қайта айдап кетіп жатады. Өзіне де, қала тұрғындарына да тиімді. Егер бұл ұсыныс қолданысқа енетін болса, барлығыңыз мұның артықшылығына көз жеткізер едіңіздер.

минуттың ішінде адам қарасы қалай көбейіп кеткенін байқамай да қаласың. Ал көп жолаушыны көрген жүргізуші «автобуска сыймайды» деген желеумен, аялдамаға тоқтамастан өте шығады. Бұл, әрине, үйіне жете алмай тұрған кез келген жолаушының жүйкесіне тиеді. Мұндай сәттерге өзім де талай куә болғанмын. Тіпті, автобусымыздың есіктері ашылмай қалып, жүргізуші отыратын жақтағы есіктен түскен кездеріміз де болған. Енді қаладағы қоғамдық көлік жайында аз-кем ақпаратқа тоқталайық.

СЕБЕП КӨП

Қазіргі уақытта Алматыда жолаушы тасымалдайтын 138 қалалық және 23 қала маңына қатынайтын жалпы саны 161 тұрақты маршрут бар. Олардың барлығы өздеріне бекітіліп берілген бағыт бойынша кестеге сәйкес жұмыс істейді. Басшылар көлік жүргізушісі сол бекітілген қозғалыс кестесін қатаң сақтауға міндетті екенін айтады. Бірақ өзіңіз де білесіз, Алматының тіршілігі күндіз де, түнде де тоқтамайды. Сол себепті де, белгіленген тәртіп бойынша жұмыс істеу кейде мүмкін бола бермейді.

Дейтұрғанмен, қалалық көлік жүйесін үйлестіріп отыратын «Алматы қаласының Көлік холдингі» ЖШС мамандары қарбалас сәттерде барлық бағыттағы автобустар жолаушыға лық толып, қолайсыздық тудыратынын жасырмайды.

– Жолаушылар ағынының мониторингі мен талдауын Көлік холдингі күнде жүргізеді. Ал диспетчерлер автобустарды барлық бағытта біркелкі жүру үшін шаралар қолдануға тырысып бағады. Жол қатынасының қиындауына бірден-бір себепші фактор кептеліс екенін жақсы білесіздер. Сондықтан кінәнің барлығын қоғамдық көлік қатынасына арта беруге болмайды. Қала бойынша ав-

тобустардың желіге шығуы 100%-ды құрайды. Әйтсе де, маршруттар аралығында алшақтық бар, бұған объективті себептер көп, – дейді мамандар.

Оған мысал көп. Мәселен, кеше уақытында келген көлік бүгін кешігіп, автобустар арасындағы интервал бұзылып жатса, ол тек көлік жүргізушісінің кінәсі деген сөз емес. Жалпы, мамандардың айтуынша, интервал стандартқа сай болуы үшін алғашқы аялдамадан соңғы аялдамаға дейінгі уақыт бір сағатты құрауы тиіс. Ал екі автобус арасы, яғни интервалы шамамен 10 минут болуы қажет. Мәселен, қазіргі таңда Алматыдағы қоғамдық көліктің қозғалыс аралығы орта есеппен 9–12 минутты құрайды. Бірақ қарбалас сағаттарындағы көлік кептелістері, жолдағы жөндеу жұмыстары, тіпті, ауа райы да көлік қозғалысын тежейді. Осындай себептер автобустардың интервалы мен кестесінің бұзылуына, қозғалыс жиілігінің 15–18 минутқа дейін ұлғайып кетуіне себеп болып жатады.

Демек, күнделікті күйбең тіршіліктің ажырамас бөлігіне айналған кептеліске алматылықтар өмірінің хәм уақытының бір бөлігін сарп етеді. Өкініштісі де сол, кептеліспен күресудің, оны жоюдың салдарын сала басшылары әлі дұрыс жолға қоя алмай отыр. Сондықтан болар, көлік тығынына түскісі келмейтін алматылықтар мүмкіндігінше баратын жеріне ерте қамданып, уақытынан бұрын жолға шығуға дағдыланған.

Қорыта айтқанда, көлік жүйесі саласының қызметін жетілдіру, қоғамдық көлікті тұрғындардың сұранысына сай оңтайландыру, қала көшелеріндегі ұзын-сонар кептелістен құтылудың жолдарын іздестіру секілді жұмыстар бір-екі күндік шаруамен шешіле салатын жұмыс емес. Бұл мәселе шешімін табатыны анық. Бірақ оған уақыт қана төреші.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ӘЛЕМДЕГІ ІРІ ҚАЛАЛАР КЕПТЕЛІСПЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСЕДІ?

ЛОНДОН

Лондонда қаланың орталығына кіру ақылы. 1997 жылы билікке Тони Блэр келіп, қаланың ережелеріне бір-қатар өзгертулер енгізген екен. Онда тарихи орталықтарға – Сити, Вест-Энд, Вестминстер Сохо аудандарына жұмыс күндері сағат 7.00–18.30 аралығында кіру ақылы. Бұл аудандарды ақылы етпестен бұрын Т.Блэр автобустар санын көбейтіп, қоғамдық көлік пен такси арналған арнайы жолақ қойды. Көлікті тұраққа қою мәселесіне байланысты қатал ережелер бар. Айыппұлды бағалау жүйесі іске қосылған. Осы және өзге де көліктерге қойылған талаптар аясында Лондон орталығында көліктер саны 40 %-ға азайған.

СИНГАПУР

Сингапурда көлік кептелісімен күреске ерекше мән берілген. Нәтижесінде көлік саны барынша азайған. Олар «көлік міну – сен емес, көлік – тек бір жерден екінші жерге жету құралы» қағидасын енгізу арқылы, автокөлік сатып алу экономикалық тұрғыдан тиімсіз деп біледі. Онда автокөлікке ие болу құқығын аукцион арқылы сатып алу жүйесі іске қосылған. Автотранспорт нарығы тікелей мемлекет бақылауында.

НЬЮ-ЙОРК

Нью-Йорк қаласының көшелері әу баста-ақ кең, бір-біріне параллель болатындай етіп салынған. Сондықтан кез келген жүргізушінің кептелісті басқа көшеге бұрылып кете салу арқылы айналып өтуіне мүмкіндігі бар. Бұл қаланың ерекшелігі – транзиттік және жергілікті жолдар бір-бірінен ашақ етіліп, бөлек салынған.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ЕҢ ІРІ КЕПТЕЛІС

2010 жылы Қытайдың Бейжің–Тибет тас жолындағы кептеліс шамамен екі аптаға созылған. 14 тамыз күні басталған көлік кептелісі үлкен проблемаға айналып, оны тек қыркүйектің басына қарай шешу мүмкін болған.



ТИІМДІ БАҒДАРЛАМА

ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Бұл жүйе өзінің тиімділігі мен нәтижесін толығымен дәлелдеп берді

Күнделікті оқыту жүйесін тәжірибемен ұштастыру да білім берудің тиімді түріне айналды. Алғаш рет Білім министрлігі дуальді оқыту жүйесін енгізген кезде оқытудың бұл түріне сенімсіздік танытқандар да болды. Дегенмен, біраз уақыт ішінде аталмыш жүйе өзінің тиімділігі мен нәтижесін толығымен дәлелдеп берді. Жалпы, дуальді оқыту жүйесі дегеніміздің өзі теорияны өндіріспен ұштастырып, болашақ маманның жан-жақты білім алуына жасалып отырған жағдай.

Білім жүйесі ең көп реформаға ұшырап, жаңашылдыққа бет бұрып отыратын сала. Бұл, әрине, құптарлық жағдай. Өйткені, бір орнында еш өзгеріссіз қалып қалу көп жағдайда жақсы нәтижеге қол жеткізбейді. Қазіргі таңда дүние жүзінің білім саласы дуальді білім беру жүйесін қолданып отыр. Бұл өз кезегінде оның нәтижелі екендігін көрсетсе керек.

Дуальді оқыту жүйесін алғаш болып Германия қолға алған. Әлемдік оқымыстылардың пікірінше, дуальді оқыту жүйесінің тиімділігін неміс ғалымдары мен оқымыстылары бірден байқап, оны өндіріспен ұштастыра отырып қолдана бастайды. Осылайша дуальді оқыту жүйесінің негізі Германияда қаланады.

Қазіргі таңда оқытудың бұл түрін біздің елімізде де кеңінен қолданып отыр. Мәселен, дуальді оқыту жүйесінде білім алушылар уақыттарын барынша тиімді пайдалануға күш салады. Олар күнделікті уақыттарының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп, өндірістен қол үзбей оқиды. Тәжірибе жинақтап, нағыз маманға айналады. Сосын уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімдерін кеңейтуге арнайды. Жалпы, оқытудың бұл жүйесі өзінің тиімділігімен ерекшеленеді.

Сонымен қатар, дуальді оқыту жүйесі техникалық-кәсіптік оқу орындарының



жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік бола отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлап шығарады. Қаламыздағы Алматы сән және дизайн колледжі осы жүйемен білім беріп отырған бірден-бір мекеме. Оқу ордасы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Күнімай Омарованың айтуынша, дуальді оқыту жүйесі арқылы білім алып жатқан жастарға жұмыс табу да оңайға түскен көрінеді.

– Біздің оқу ордасы оқытудың әлемдік үрдісіне айналған бұл түрін 2014 жылдан бастап қолға алған еді. Әрине, алғашқыда «қалай болар екен?» деп жүрексінгеніміз рас. Көп ұзамай 10 айлық оқу мерзімі бойынша 11-сынып базасында «Тігін өндірісі және киім дизайны» мамандығы бойынша 50 студент осы жүйемен білім алуды бастап кетті. Келесі 2016 жылы 75 студент маман болып шықты. Осылайша оқытудың бұл түрін де меңгеріп алдық.

Алғашқыда білімнің сапасына әсері қалай болар екен деген күмәніміз бекер

екен. Дуальді оқыту жүйесінің тиімді екеніне оқу мен тәжірибе барысында нақты көз жеткіздік. Қазіргі кезде дуальді оқыту жүйесін білім беру үрдісіне енгізу барысында өндірістік оқытудың 60 пайызы мен теориялық білім берудің 40 пайызы толығымен қамтамасыз етіліп отыр.

Бұған қоса, колледж оқытушылары мен әлеуметтік серіктестердің арнайы пәндер бойынша бірлесіп жасаған оқу бағдарламалары да тиімді екенін дәлелдеді.

Соңғы уақытта «Тігін өндірісі және киім үлгілеу», «Тігінші», «Қоғамдық тамақтандыру», «Аспаз», «Кондитер» мамандықтары бойынша 11-сынып және 9-сынып негізінде қабылданған студенттер саны күрт көбейіп, 150 адамға дейін өсіп отыр. Бұл осы мамандықтардың сұранысқа ие екенін көрсетсе керек. Сондай-ақ, әлемдік қолданысқа енген оқытудың бұл түрінің тағы бір тиімді тұсы – колледж студенттері қалалық кәсіпорындарда тәжірибеден өтіп, жұмыс берушілермен тікелей байланыста болады. Тіпті, осындай тәжірибе барысында бірден өздеріне жұмыс тауып кетіп жатқандар да бар.

Бұған себеп – жас маман тәжірибе ба-

рысында өзінің мүмкіндігін көрсетіп, жақсы қырынан танылуы мүмкін. Әрине, сосын жұмыс берушінің де жас маман туралы жақсы пікірі қалыптасады. Біздің түлектеріміз өздері қалаған жұмыстарын тауып жатса, бізге де жеңіл. Соңғы жылдары арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері, әлеуметтік серіктестік кәсіпорындарында семинар тренингтарға қатысып, кәсіби шеберліктерін шыңдап, біліктілік деңгейлерін көтеріп отырады. Бұл да сапалы маман тәрбиелеуде жақсы әдіс. Қазіргі кезде біздің оқу ордамызда жас мамандардың жаңа технологиялық мүмкіндіктер мен заманауи жабдықтарды меңгеруіне толық жағдай жасалған, – дейді Күнімай Нұрлыбайқызы.

Өлі күнге дейін жұмыс берушілер теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен күресіп келеді. Жұмыс іздеген жас маманнан алдымен «тәжірибен, жұмыс өтілің бар ма?» деп сұрайды. Оқуын енді бітірген жас маманда қайдағы жұмыс өтілі, тәжірибе қайдан болсын. Көп жағдайда жұмыс берушілер дайын маманды қабылдағысы келеді. Оның себебі түсінікті. Білікті маманмен жетістікке қол жеткізу оңай. Тәжірибесіз жас маманды қосымша оқыту, тәжірибеден өткізу, қайта даярлау қажеттілігі туындайды. Міне, осы жағдайларды ескере отырып, дуальді оқыту жүйесін білім беру үрдісінде кеңінен пайдалана отырып өндірістің нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытудың нақты тиімділігіне мүмкіндік пайда болды. Осы ретте колледждер бизнестің, жастардың және мемлекеттің мүдделерін біріктіру мақсатында ұшжақты серіктестіктің мүлдем жаңа деңгейіне қол жеткізу мүмкіндігіне ие болып отыр.

Қазіргі таңда дуальдік жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктілігі мен іскерлік қасиеттерін тікелей жұмыс орнында қалыптастырып қана қоймай, оның жан-жақты кәсіби дамуына да кеңінен мүмкіндік береді. Сондай-ақ, білім, ғылым, өндірістің өзара байланысын, әсерін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасының да артып келе жатқаны байқалады.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Қазіргі кезде робототехниканы игергісі келетін балалардың қатары артып келеді. Бұл, әрине, құптарлық қадам. Техниканың тілін білген жасқа әлемнің кез келген бұрышының есігі ашық. Уақыт талабына сәйкес, қазақстандық оқушылар сұранысқа ие инженерлік құзыреттерді меңгеретін болды. Жаңа оқу жылында 161 аудандық және 28 моноқалалардағы мектепте робототехника кабинеттері құрылатын болды.

РОБОТОТЕХНИКА – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ

«Қазақстан халқына» қорының «Болашақ инженерлер» бағдарламасы бойынша 1-6 сынып оқушылары бағдарламалау, құрастыру, мехатроника, электротехника және басқа да бағыттар бойынша білім алады. Жаңа инженерлік дағдылар оқушыларға түрлі мамандықтарды игеруге және болашақта сұранысқа ие маман болуға жәрдемдеседі. Осылайша еліміз бойынша 189 робототехника кабинеті ашылады. Мектептер бағдарламалық қамтамасыз етуді, конструкторларды, электрониканы қамтитын робототехниканы зерттеуге арналған заманауи бағдарламалық-аппараттық кешенмен толықатын болады.

ҚОСЫМША БІЛІМ

ОҚУ-АҒАРТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АШЫЛАДЫ



Жас ұрпақ тәрбиесінде қосымша білім беру мекемелерінің маңыздылығы ерекше. Аталмыш мекеменің маңыздылығы – жас ұрпақты тәрбиелеу мен олардың жан-жақты дамуы үшін кеңінен жағдай жасап, бос уақытты пайдалы әрі қызықты өткізуге ықпалдасуы мектепте берілетін біліммен бірдей.

БОЛАШАҚҚА СЕНІММЕН!

ТАҢДАУ – СІЗДЕН, КӨМЕК – БІЗДЕН

Енді санаулы күннен соң биылғы мектеп түлектері үшін сын сағаты басталмақшы. Осынау жауапты сәтте мектеп түлектері үшін болашағын болжап, жүрегі қалаған мамандықты таңдау мүмкіндігі туғалы отыр. Осыған орай, «Болашақ» қауымдастығы «Болашаққа сеніммен» жобасын қолға алып, 11-12-сынып оқушыларына мамандық таңдауға көмектеспекші.

«Болашаққа сеніммен» жобасы мектеп бітіріп жатқан түлектеріміздің кәсіби бағдарын, кәсіби жолын таңдай білуіне арналған нақты жоба. Былтыр 2022 жылы пилоттық негізде 40-тан астам мектепте кездесулер өтіп, 3 мыңнан астам оқушыны қамтығаны белгілі. Мәселен, 10, 11, 12-сыныптағы болашақ түлектердің мамандық таңдау кезінде қандай триггерлер, қандай стимулдар болу керектігін «Болашақ» менторлары арқылы үйренеді. Жалпы, бұл

жоба науқандық шара болып қалмау үшін жүйелі түрде дамытуға күш салынбақ. Сол үшін 2023 жылғы «Болашаққа сеніммен» деген жобаны «Болашақ» түлектері қауымдастығының атынан бастап отыр. Дәл қазір басты менторлар деген топ жасақтап, осы жобаға қатысқысы келетін азаматтарды шақырып отыр.

Бүгінде еліміз бойынша 218 сауықтыру орталықтары жұмыс істесе, олардың 120-сы мемлекет, ал 98-і жекеменшік. Осы ретте елімізде 2027 жылға дейін заманауи оқу-ағарту орталықтары ашылатын болды. Мұндай орталықтар Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және басқа да қалаларда бой көтереді. Ашылатын орталықтар саны екі есе өсіп, 77 мың бала қамтылатын болады. Балаларға арналып салынатын 100 шығармашылық және зияткерлік нысан республикалық бюджет есебінен жүзеге асатын болады. Осылайша балалар 100 пайыз қосымша біліммен қамтылады.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Сіз бен біз көп естіп, біле бермейтін авто-заңгер деген маман бар. Жол көлік оқиғасы немесе көлікке қатысты оқыс оқиғалар бола қалған жағдайда автокөлік иелерінің құқығы мен міндетін реттейтін құқықтанудың арнайы саласы. Мамандар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті, Азаматтық кодексті және ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексін негізге алады.



АВТО-ЗАҢГЕРЛЕР

көлік иелерінің құқығын қорғайды

Қалада екіншісі бірі көлік тізгіндегінін ескерсек, заңнаманың ірі салаларының біріне көлік құқығын жатқызамыз. Ол – көлік кәсіпорындарының ұйымдарына және қызметіне байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды, олардың қызметін пайдаланушылар арасындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы. Елімізде заңнаманың әуе, теңіз құқығы сияқты дербес салалары қамтылады. Бүгінгі таңда тек Қазақстанда ғана емес, әлем елдерінде заң қызметтерінің барлығы да сұранысқа ие. Әрбір адам өмірінде кем дегенде бір рет болсын жылжымайтын мүлікке немесе өз кәсібіне, саласына қатысты заңгер көмегіне жүгінеді. Әсіресе, автокөлік заңгерлер мен адвокаттар полицейлердің қажетті хаттамаларды нақты, дұрыс толтыруына кепіл болады. Істі сотқа жеткізбей, өтемақы алуға көмектеседі.

Тәжірибелі автокөлік заңгері көлік иелеріне тек жол-көлік оқиғаларында ғана емес, басқа жағдайларда да көмектеседі. Мысалы, сатып алушы автокөлік иелерінен көлік құралын сатып алатын жағдайлар жиі кездеседі. Бірақ біраз уақыттан кейін ол істен шығады. Бұл жағдайда сатып алушы көлікті салонға апарып, онда жұмысшылар жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Біраз уақыттан кейін көлік қайтадан бұзылады. Мұндай жағдайларда сауатты көлік заңгері көлік құралының иесіне шағым жазуға көмектеседі. Егер автосалон өз міндеттерін орындаудан бас тартса, онда адвокат тұтынушыға сотқа жүгінуге және оның мүддесін қорғауға көмектеседі.

Сонымен қатар, қазір қалаған адам жеке мүлкін, денсаулығын, жазатайым оқиғалардан, жол-көлік

оқиғасынан, тіпті, өз өмірін сақтандырып жатады. Сақтандыру арқылы оқыс оқиғадан келген зардапты өндіріп ала алады. Әсіресе, спортшылар денсаулығын, өмірін сақтандыратынын жиі естиміз. Бірақ бұл қызмет түрлерінің бірі – автосақтандырудың біз біле бермейтін артықшылықтары жетерлік. Көлік тізгіндеген әрбір азамат көлігін сақтандыруы міндетті. Заңмен де бекітілген. Сақтандырусыз жүру қылмыстық істер қатарына жатады. Бүгінде бұл заңға бағынбай жүргендер көп.

Сақтандырудың 2 түрі (міндетті және ерікті) бар. Көлік бұзылып, жолда қалған жағдайда, әртүрлі оқыс оқиғалар бола қалса, сақтандыру мекемесінің өкілі көмекке келеді. Бастысы – сақтандыру компаниясын дұрыс таңдау қажет. Себебі, қазір бұл салада заңсыздық, алаяқтық көбейген. Мәселен, жол-көлік оқиғасы болды делік. Көлік иесі көлігін сақтандырмаған. Оқиғаның болғанын естіген заңгер сымақтар кәсіби маманның алдын орап, оқиға болған жерге ерте келіп алады. Сөйтіп, ресми авто-заңгерлер компаниясы талап ететін қаражаттан 2-3 есе көп ақша сұрайды. Маман емес, алаяқтар да мұны қалт жібермейді.

Бүгінде қаладағы авто-заңгерлердің ең көп тараған қызметтері – тұрғындарға жол-көлік оқиғасы кезінде, оқиғадан кейін көмек көрсету және материалдық зиянды өндіріп беру, сотқа қорғау. Автокөлік иелері өз құқығын қорғауда маманданған, сауатты авто-заңгерді қалай таба алады? Көлік салығы, автосақтандыру, жол көлік оқиғасынан туындаған мәселелерде қайтпек керек? Бұл сұрақтарды кәсіби авто-заңгерден сұрап білген едік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мадияр ГАЙДАРҰЛЫ,
«Автоадвокат»
компаниясының
директоры, авто-заңгер:

ЗАНДЫ ҚЫЗМЕТ – МӘСЕЛЕНІҢ ОҢАЙ ШЕШІЛУ ЖОЛЫ



Авто-заңгерлер 2 түрге бөлінеді. Бірі – ресми компания тарапынан көмек көрсететін маман, екіншісі – тұтынушылардан келісім-шарт алады да, өзі жеке қызмет көрсететін делдал. Соңғысы жұмсалатын қаржының 20–30 пайызын өзіне алады. Делдал ретінде қызмет көрсету дұрыс емес деп санаймын. Себебі, заң арқылы жүзеге асатын қызмет тек кәсіби маман арқылы көрсетілуі керек. Біздің компания нарықта 2003 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Тұтынушылар кеңсеге келіп, келісім-шарт арқылы ресми түрде көлігін сақтандырады. Жол-көлік оқиғасы болса, сақтандыру, құжат, т.б. қызмет үшін 50 мыңнан жоғары қаржы сұралады. Ал тұтынушы сақтандыру компаниядан алатын сома жағынан біз ақша талап етпейміз.

Қазір Алматы қаласында ресми компаниялар өте аз. Пайыздық өсіммен жұмыс істейтін делдалдар жетерлік. Олар көбіне сақтандыру компаниясының, жол полициясының бұрынғы қызметкерлері болып келеді. Авто-заңгерлерден қалай ажыратуға болады? Ең алдымен, тұрақты, жеке кеңсе, ресми келісім-шарт болуы керек. Тұтынушыға компанияның бухгалтерия бөлімінен ресми шек берілуге тиіс. Кез келген азамат осының бәріне мұқият мән беру керек. Қазір бұл қызмет түрінде алаяқтар көбейген.

Жол-көлік оқиғасына қатысты істер жиі кездеседі. Компания тұтынушыларына арнайы карта беріледі. Егер біздің компанияның тұтынушысы жол-көлік оқиғасына тап бола қалса, кезекші авто-заңгер көмекке барады. Көлік оқиғасы болған жерге дер кезінде барып, сот ісі аяқталғанға дейін заң жүзінде қызмет көрсетеді. Тұтынушылар 1 айда 50-ге жуық жол-көлік оқиғасына ұшырайды.

Жол-көлік оқиғасынан бөлек, көлік жүргізуші куәлігіне, жалпы көлікке қатысты кез келген мәселе бойынша қызмет көрсетіледі. Қазір автосалоннан өте көп көлік сатылуда. Олардың арасында кейбірінің құжаты дұрыс емес. Тұрғындар кейін сан соғып қалмас үшін сенімді мамандарға ғана жүгінгені жөн. Кейде оқиға болған жерге кәсіби заңгерлерден бұрын делдал-заңгерлер ерте жетіп алады. Олар жалған құжатын көрсетіп, өз қызметін ұсынады. Ақшасын алғаннан кейін хабарсыз кететін алаяқтардың барын тұтынушылардан естиміз. Әлеуметтік желіден сенімді авто-заңгерлерді іздеген жөн. Мәселені заңды жолмен шешуді ойластырғаны абзал.

ПОЛИЦИЯ

Қалада жыл басынан бері 95 ЖКО тіркелді

Салдарынан 107 бала зардап шеккен. Өкінішке қарай, 1 бала қайтыс болды. Жергілікті полиция қызметі мұндай мәліметтерді «Жолдағы балалардың қауіпсіздігі» республикалық жедел-алдын алу іс-шарасы аясында, балалардың жол-көлік жарақатының себептері мен жағдайларына арнайы жүргізген талдауды ескере отырып ұсынады.

Биылғы жылдың 2 айында Алматы жолдарында балалардың қатысуымен болған 95 жол-көлік оқиғасы тіркелді, соның салдарынан 107 бала зардап шекті. Аналитикалық мәліметтерге сәйкес, балалар көбінесе жолдың жүру бөлігін кесіп өту кезінде зардап шегеді – 60 ЖКО, кедергіге соғылуына байланысты – 3 ЖКО, көлік құралдарының соқтығысуы нәтижесінде 26 ЖКО және т.б. Сонымен қатар, балалардың зардап шегуімен, жылдамдықты



шектен асырудың себебінен – 20 ЖКО, маневр жасау ережесін бұзудан – 48 ЖКО, жаяу жүргіншілерге басымдық

бермеуге байланысты – 21 ЖКО, жол қиылысынан өту ережесін бұзу нәтижесінде – 6 ЖКО тіркелді.

Тәуліктік уақыт бойынша талдау келесідей: сағат 06.00-ден бастап 18.00-ге дейін 60 ЖКО болды, 27 ЖКО – 18.00-ден бастап 24.00-ге дейін, 24.00-ден 06.00-ге дейінгі аралықта тағы 8 ЖКО болды.

Көбінесе жол-көлік оқиғаларына 16-17 жас (30 жол-көлік оқиғасы), 12-13 жас (13 жол-көлік оқиғасы), 10-11 және 14-15 жас (11 жол-көлік оқиғасы) аралығындағы балалар түседі. Балалардың қатысуымен болған ЖКО-ның көпшілігі сейсенбіде (18 ЖКО), жұмада (16 ЖКО), дүйсенбіде және сәрсенбіде (әрқайсысы 13 ЖКО) тіркелді. Алматы полициясы жолда жүру ережелерін нақты білу және бұл жолмен сақтау – баланың қауіпсіздігі мен денсаулығының кепілі екенін еске салады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Экология және табиғи ресурстар министрлігі жануарларға жауапкершілікпен қарауға қатысты «жедел желі» жұмыс істеп жатқанын хабарлады.

Жедел желі іске қосылды

Жануарларға жауапкершілікпен қарау бойынша «жедел желі» іске қосылды. «Жануарларға қытегездік танытқан фактілер анықталған жағдайда +7 (777) 195 99 00 (WhatsApp) нөміріне хабарлауды сұраймыз», делінген министрлік хабарламасында. Былтыр 1 наурыздан бастап Қазақстанда «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң күшіне енді.

Сонымен қатар, құжатта халықты жануарларға жауапкершілікпен қарау, жануарларға



қатыгездікті насихаттауға тыйым салу тұрғысынан оқыту мен тәрбиелеу қарастырылған.

АТАЛМЫШ ЗАҢ КЕЛЕСІ ПРИНЦИПТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛЕДІ:

- иесінің жануардың өмірі, денсаулығы және амандығы үшін жеке жауапкершілігі;
- жануарларды қытегездіктен қорғау;
- халықты жануарларға адамгершілікпен және мейіріммен қарауға тәрбиелеу.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ДЗЮДО

АЛМАТЫДА
АЗИЯ КУБОГЫ
ӨТЕДІ

7–9 сәуір күндері Алматы қаласындағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында Бекет Махмұтовты еске алуға арналған дзюдодан жасөспірімдер мен жастар арасында Азия кубогы өтеді.

Халықаралық дзюдо федерациясының күнтізбесіне сәйкес өткізілгелі отырған жарысқа 2006–2007 жылдары дүниеге келген жасөспірімдер мен 2003–2005 жылдары туған жас татами шеберлері қатысады.

Қазақстан дзюдо федерациясының баспасөз қызметінен мәлім еткеніндей, IJF ережесіне сәйкес Азия кубогының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне рейтингілік ұпай қосылады.

Жарыс жеңімпаздарына 100, күміс жүлдегерге – 60, қола жүлдегерге 40 ұпайдан беріледі. Биыл алтыншы рет ұйымдастырылып отырған Азия кубогына Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Моңғолия, Гонконг, Түркіменстан, Грекия, Грузия және АҚШ-тан барлығы 400-ден астам дзюдошы қатысады деп жоспарланған.

Бекет Сапабекұлы Махмұтов 2009–2012 жылдар аралығында Қазақстан дзюдо федерациясының президенті, сондай-ақ, Азия дзюдо одағының вице-президенті қызметін атқарған. Дзюдодан Бекет Махмұтов атындағы турнир 2017 жылдан бері Алматы қаласында дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

ӘУЕСҚОЙ БОКС

НОКАУТПЕН ЖЕҢДІ

Бокстан мықты спортшыларымыз шығып келеді. Бұған талас жоқ. Алдыңғы аға буынның салып кеткен жолы да көпке үлгі. Ең бастысы, осы биіктен құлдилап қалмау керек.



Елде болашағынан зор үміт күттіретін спортшылар бар. Ондай азаматтардың қатары мол. Жыл сайынғы бөлінетін жан-жақты қолдаулар да аз емес. Соның арқасында болар, отандастарымыз талай байрақты бәсекеде елдің намысын асқақ етіп келеді.

Қазақ бокс өнері өзіндік дара жолын әлдеқашан салған. Бұл жөнінде жиі айтып жүрміз. Осыны іс жүзінде дәлелдеп жүргендер бар. Соның бірі болашағынан зор үміт күттіретін боксшы – Сұлтан Зәуірбек.

Жуықта ғана Сұлтан жақсы жаңалығымен бөлісті. Англияға жол тартатынын мәлімдеген болатын. Ел болып тілеуін тіледік. Күллі Еуропа жұртшылығы сүйіп қарайтын тағы бір спорт болса, соның бірегейі – бокс. Ол Болтон қаласында өткен жұдырықтасу сәтінде өнер көрсетті. Қанша дегенмен бөтен елде тайталаса білу де жүректілік. Жан-жақтан анталағандар еңсені басатыны айқын. Оның үстіне дайындық нашар болса, біттің деген сөз. Сондықтан қолдан келгенше кері шегінбеу қажет. Осы аталған нұсқауларды бапкермен бірлесе істесе жеңіске жететіні анық.

Жерлесіміздің қарсыласы – Факундо Арсе. Ол да оңай шағылатын жаңғақ емес. Аргентиналықтарды білесіздер, нағыз қара күштің дүлдүлдері. Дене бітімі тарам-тарам еттен тұрады. Қимыл-қозғалыстары ширақ.

ФУТБОЛ

ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫ:
екінші сатыға жолдама алған командалар
белгілі болды

Жарыстың аталған сатысына берілген соңғы 2 жолдамаға Шымкенттің «Оңтүстік академиясы» және Түркістанның «Тұран» командалары қол жеткізді.

Бұдан бұрын Қазақстан кубогының екінші сатысына Оралдың «Ақжайық» және Семейдің «Елімай» командалары ие болған еді. Енді 30 наурызда «Ақжайық» пен «Оңтүстік академиясы», 31 наурызда «Тұран» мен «Елімай» командалары кездеседі.

Жеңімпаз атанған екі команда жарыстың негізгі кезеңінде Премьер-лигада ойнайтын 14 команда 1/8 финалынан бастап қатысушылар өзара екі ойын өткізеді.



ТЕННИС

РЫБАКИНА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Қазақ теннис өнерінің жарқын көрсеткіштері мол. Соңғы кездері аяқ алысымыз тәп-тәуір. Теннисшілеріміз де өте белсенді сайыса бастады. Соның арқасында әлемге әйгілі жас спортшылар көбею үстінде.

Біздің осы жолғы кейіпкеріміздің кім екендігін аңғарып отырған боларсыздар. Ол, әрине – Елена Рыбакина. Отаны басқа болса да, жан-тәнімен табысты еңбек етіп жүр. Бізде сырттан келгендерді «легионер» деп сынап айтады. Бұл да дұрыс шығар. Бірақ ел намысын жанып, өзін даңқты спортшы етіп жатса, оның несі айып?! Сондықтан сары қызға ризашылығымыз шексіз.

Ол тақауда ғана табысқа қол жеткізді. Оның «Уимблдон-2022» жүлдесі ең жоғары марапат болды. Өткен жылы қайтпас қайсарлығының арқасында әлем білді. Сонымен қатар, бүкіл қазақ жанкүйерлерін қуанытып қойды. Оған берілген жүлде қоры да қомақты еді. Рыбакина жас теннисшілерді өзі таңдап, нәтижесінде 14 ойыншы 2,5 млн теңгеден бөліді. Олардың қатарында Линара Бөлешева, Полина Барабанова, Амина Нұрахан, Ариана Гоголина, Сатима Төреген, Ева Карышева, Альбина Кәкенова, Аружан



Арыстанбекова, Дана Байдәулет, Іңкәр Дүйсебай, Аяя Нұпбай, Полина Слепцова, Сандуғаш Кенжебаева және Зара Даркен сынды жас таланттар бар. Оның осы игі ісі зор мадаққа лайық.

Бір сөзбен айтқанда, жетістікке жету жай шаруа емес. Шыңға көтерілгеннен кейін сол биікті ұстап тұру парыз іспетті. Жерлесіміздің ұрпаққа үлгі боларлық шаруасы басқаларға да жұғысты болғай демекпіз.

ЖҮЛДЕ

Қазақстандық Карина Ибрагимова Нью-Делиде (Үндістан) әйелдер арасындағы бокстан әлем чемпионатында екінші орын алды. Сөйтіп, алға тағы бір қадам жылжи түсті.

КҮМІС АЛДЫ

Ұлттық Олимпиадалық комитеттің дерегінше, спортшы 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жетістікке жетті. Финалда Ибрагимова итальяндық Ирма Тэстамен кездесті. Жекпе-жек қарсыластың жеңісімен төрешілердің бірауыздан шешімімен аяқталды. Сонымен қатар, финалда Лаззат Кунгейбаева (81 келіден астам) өнер



көрсетеді. К.Ибрагимованың «күмісі» Қазақстанның әлем чемпионатындағы бесінші марапаты болды.

Бұған дейін Алуа Балқыбекова (48 келіге дейін), Надежда Рябец (66 келіге дейін), Валентина Хальзова (75 келіге дейін) және Фариза Шолтай (81 келіге дейін) «қола» жүлдегер атанған.

ТУРНИР

БАУЫРЫМЫЗ – ФИНАЛДА

Грузияның Тбилиси қаласында Grand Slam сериясындағы дзюдодан ірі турнир жалғасуда. Кезекті жарыс күні қазақстандық Абылайхан Жұбаназар финалға шыға алды.

Ол 81 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде алтын медальға таласады. Осыдан жеңсе үздіктер қатарына кіреді.

Бұл үшін осы жолғы белдесуде алып ұрып, шалып әдіс жасап, жеңісті жақындата түсу қажет.

Жартылай финалда қазақстандық Дмитрий Гочиладзе (Грузия) мықты болды. Шешуші шайқаста оған австриялық Вахид Борчашвили қарсы болады.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта Қазақстан командасының активінде екі қола медаль бар. Оларды Абиба Абужақынова мен Мағжан Шамшадин жеңіп алды.

Бетті әзірлегендер
Гүлжанат СЕМБАЕВА,
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ҚАУІП ҚАЙДАН?

ЕСІРТКІ ЕСТІ АЛДЫ

Алматыдан бастау алған
«Наркостоп» жобасы не берді?

Бүгінде нашақорлық тақырыбы әлі де күн тәртібінен түспей тұр. Өкініштісі сол, есірткі жасөспірімдерге де «ауыз салған». Осыған алаңдаушылық білдірген Алматының жастары «Наркостоп» жобасын қолға алған болатын.

Алғаш рет Алматыда 2021 жылы іске қосылып, граффитидегі суреттерді өшіруден басталған бұл жоба-қозғалыс бүгінде бағытын кеңейтіп, синтетикалық тәуелділік мәселесіне кешенді түрде жақындап келеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте жоба өкілдері айтты.

Быттыр «Наркостоп» жобасы волонтерларының белсенді қатысуымен есірткіні жарнамалайтын 300 мың граффити боялып тасталған. Ал биыл Алматыда 1500-ден астам граффитиді бояды. Жоба жетекшілері осынау екі жылда жақсы нәтижелерге қол жеткізілгенін атап өтті. Мәселен, бұрын, алғашқы күндері есірткілік дәрі-дәрмектердің жарнамасын бояуға 50-ге жуық ерікті шыкса, орта есеппен бір еріктіге 100 жазудан келетін. Қазір тура сондай алаңда 50 еріктіге 10–15 жазудан келеді. Бұл суреттерді өшіріп тастаған соң қайта пайда болған граффитилер дейді мамандар.

Волонтерлар полиция өкілдеріне осылай көмек-қолдау көрсетіп жүр. Есірткімен үлкен-кіші, бүкіл қоғам болып күреспесек, жастарымызды да тұңғығына батырып жатқаны жасырын емес.

Жыл басынан бері Алматы қаласының полицейлері есірткінің ірі партиясын тәркіледі, оның ішінде 7 келісі – синтетикалық есірткі. Алматы қаласы Полиция департаменті өкілінің мәліметінше, жыл басынан бері Алматыда 205 есірткі қылмысы анықталған және есірткі сатуға қатысты 35 деректің жолы кесілген. Нәтижесінде жалпы сомасы 187,5 млн теңгені құрайтын 30 мың доза әлеуетті тұтынушыларға жеткен жоқ. Бұл ретте «синтетика» шығаратын 3 есірткі зертханасы жойылған. Екі есірткі қоймасы мен құрамында есірткісі бар өсімдіктерді өсірумен айналысқан бір адам анықталған.

Алматыда жыл басынан бері 300-ге жуық профилактикалық іс-шара жүргізілген. Нарколог-дәрігерлермен бірлесе, ақпараттық жұмыстарды жандандыруға баса назар аударылып келеді. Мәселен, қалалық Полиция департаменті мен қалалық Білім басқармасымен жалпы білім беретін мектептер мен колледждерде тақырыптық дәрістер, тренинг-



тер, семинарлар өткізіп тұру туралы меморандумға қол қойылған. Соның аясында өткізіліп келе жатқан жүйелі жұмыстар да нәтижелі деуге болады.

«Наркостоп» жобасының өкілдері нашақорларды емдеу және оңалту да маңызды мәселе екендігін, өйткені жеке орталықтарда емделу қаражатын азаматтардың қалтасы көтере бермейтінін атап өтті. Белсенділер жеке оңалту орталықтарының барлығы бірдей стандартталмағанын, соған қарамастан бірнеше жеке орталықпен келісімге қол жеткізілгенін айтты. Қаржыландырумен қаланың Жастар саясаты жөніндегі басқарма қамтамасыз етеді. Жобаның барлық мерзімінде 13 адам тегін оңалтудан өткен. Енді биыл белсенділер «Жаңа ғасыр» қауымдастығымен бірлесе отырып, оңалту орталықтарын реттеу және емдеу стандарттарын енгізу мәселесіне бастамашылық етуді мақсат етіп отырған көрінеді.

ТҮЙІН:

Қала тұрғындары есірткімен, нашақорлықпен байланысты кез келген сұрақтары немесе күдікті оқиғалар бойынша анонимді түрде Алматы қалалық ПД-нің WhatsApp-тағы 8 705 549 70 25 сенім телефонына немесе «Наркостоптың» 8 747 461 67 01 жедел желісіне хабарласа алады.

МАМАН ПІКІРІ

ҚОҒАМ БОЛЫП КҮРЕСУ КЕРЕК

Әзиз ҚАЖДЕНБЕК,
Алматы қаласы Жастар саясаты жөніндегі басқарма басшысының орынбасары:

– Біз сауалнама жүргізгенде, жастардың 10%-ы өмірінде бір рет болса да синтетикалық есірткі қабылдағанын білдік. Синтетикалық есірткіні пайдаланушылар әлеуметтік топтарға бөлінбейді, яғни ол «барды» да, «жоқты» да құрығына түсіріп жатыр. Ал жалпы бұл әлемдік деңгейдегі қауіпті үрдіс. Біз есірткі қылмысымен қоғам болып бірге күресуіміз керек.

Жанар НҮРСЕЙІТОВА,
«Наркостоп» жобасының PR-маманы:

– Біз дәріханалардағы нашақорлық мәселесін бірнеше рет көтеріп, бірқатар министрліктерге тиісті хаттар жолдадық. Үкімет биыл «Трамадол» препаратын есірткі заттарының тізіміне енгізді. Сондай-ақ, біздің еріктілер қалада жасөспірімдердің бос уақытын өткізу орталықтарын ашты. Жақыныңыздың күдікті жолға түскенін білсеңіз, фронт-кеңселерге де жүгіне аласыз. Тұрғындардың өздері де аулаларына бейнекамералар орнату арқылы есірткі қылмысымен күреске үлес қосуда.

Салтанат ӘЗІРБЕК,
Алматы қаласы Полиция департаментінің арнайы өкілі:

– Біздің департаментте синтетикалық есірткіні онлайн-сату мәселесіне де ерекше назар аударып отыр. Жыл басынан бері полицейлер 27 есірткі бетбелгісін қоюшыны ұстады, есірткі тарататын және жарнамалаған 73 интернет-ресурсты анықтады. «Наркостоп» қозғалысының еріктілерінің белсенді қатысуымен есірткінің таралуы туралы ақпаратты қамтитын 1 мың 500 граффити жазуы табылды. Оның бәрінің көзі бояу арқылы жойылды.

Ғалия НАЗХАНОВА,
психолог-аддиктолог:

– Бүгінгі күні бір ғана Алматыда есірткіге тәуелді 1130 нашақор ресми тіркелген. Өкінішке қарай, есірткіге тәуелділер тым жасарып барады. Менің тәжірибемде 11-12 жастағы балалар болды. Олар синтетикалық есірткі мен психостимуляторларды қолданған. Нашақорлардың арасында отбасылы, немере сүйіп отырған 60-тан асқан ересектер де бар. Өкінішті!

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙМЫН

Кене энцефалиті

Көктем келді. Жер қарайды. Адамға да, жан-жануарларға да, өсімдіктерге де қауіпті кенелер шыға бастады. Сондықтан мамандар сақтық іс-шараларын күшейтті.



Алматы қаласында биылғы 29 наурыздан бастап жалпы ауданы 2424,54 га құрайтын орманды алқаптарда, қала саябақтары мен гүл бақтарда кенелерге қарсы дезинсекциялық өңдеу жұмыстарының 1-ші кезеңі басталады.

Өңдеу жұмыстарымен 8 орманды алқап (көлемі – 1904,924 га), 144 қала саябақтары мен гүл бағындары (көлемі – 519,616 га) қамтылады және ауа райына байланысты (құрғақ, жауын-шашынсыз күндері) кестеге сәйкес 2023 жылғы 29 наурыздан 28 сәуірге дейін жүргізіледі. Кене энцефалитіне қарсы күрестің нәтижесі сапалы болуы үшін өңдеу жұмысы екі кезеңде жүргізіледі (2-ші кезең – мамыр, маусым айларында).

Дезинсекциялық іс-шараны қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің мамандарының тікелей бақылауымен «Алматы қаласының дезинфекция орталығы» филиалы атқарады. Жасақталған дезбригадалар қажетті құралдармен, көліктермен және жеке бас қорғаныш заттарымен жабдықталған.

Кене энцефалитіне қарсы дезинсекциялық өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін «Фаворит» акарицидтік препараты қолданылады. Препарат аз уытты және қауіптілігі төмен

санатқа жатқызылады (3-4 класс). Кенелермен күресу үшін қолданылатын дозалар ең аз және адамдар мен жануарлар үшін қауіпсіз болып табылады. Өңдеу жұмыстары таңертеңгілік сағаттарда жүргізіледі. Өңделетін аумақтардың шекараларында «Кенеге қарсы өңдеу жүргізілуде» ескерту хабарламалары бар такталар орнатылады.

Осыған байланысты Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті қала тұрғындарына: акарицидты препараттың ерітіндісін денеге немесе киімге тигізіп алмас үшін, кенеге қарсы дезинсекциялық өңдеу жұмыстары жүргізілген жерлерден қашықтау жүру; жердегі шашыратқан препараттар құрғағанша үй жануарларын өңдеу жұмыстары жүргізілген аймаққа жібермеу; қала тұрғындары мен қонақтары кенеге қарсы өңдеу кезінде және одан кейін 3 күн ішінде саябақтарға, гүл бағындарға және табиғи ошақтарға бармау керектігін; өңдеу жұмыстары жүргізілген жерлерден 40 күн бойы саңырауқұлақтарды, шөптерді немесе жидектерді жинауға және пайдалануға болмайтындығын ескертеді.

Нұр ЖАМАЛ.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Дамир Әбдіғани
Алматыда шағын ғана құмырсқа фермасын ашқан. Жас мирмеколог (құмырсқа зерттеушісі) бұл іспен 13 жасынан бастап айналыса бастаған.



Ерекше кәсіп иесі



Досбол
АТАЖАН

Алматылық жігіттің ата-анасы алғашқы кезде баласының ерекше қызығушылығына қарсы болса да, уақыт өте түсіністікпен қарап қолдау көрсеткен.

«Өзінің қызығушылығын басып қоймас үшін баламызға қолдау көрсету жағын ойластырдық. Үйде жәндіктерді асырауға болмайды ғой, сол үшін тігін цехымыздың бір бұрышын баламызға жағдай жасап, өзіне сүйікті ісімен айналысатын бұрыш жасап бердік», – дейді Дамирдің анасы Раушан Әнуарбекова.

Болашақ ғалымның шағын фермасында елдегі құмырсқалардан бөлек, тропикалық түрлері де кездеседі. Нақты айтқанда, құмырсқаның оннан астам түрі бар. Бүгінгі күні құмырсқа өсіру Дамир үшін жай ғана хобби емес, жақсы табыс көзіне айналған.

«Құмырсқаларды әртүрлі елдерден аламын. Қытайдан, Австралиядан, Еуропадан және оларды көбейтіп, қайтадан Еуропаға, Ресейге сатамын. Себебі, ол жақсы табыс көзі. Бір дана құмырсқаны мың долларға сатқан кездерім де болды», – дейді Дамир Әбдіғани.

Құмырсқа сатып алатын шетелдіктер оны көбіне дәрі-дәрмек шығаратын зауыттарға өткізеді. Себебі, жәндіктен бөлінетін қышқылдың емдік қасиеті бар екен. Дамирдің айтуынша, құмырсқа өсіру оңай шаруа емес. Оларға қолайлы жағдай жасау керек.

Мысалы, бөлмедегі ылғалдылық мөлшері орташа, ал температура +20-22 градустан төмен болмауы керек. Одан бөлек, күн сайынғы қорегі бар. Жалпы, әлемде құмырсқаның 14 мыңдай түрі бар. Алматылық мирмекологтың есебінше, олардың 150-ге жуық түрі Қазақстанда тіршілік етеді.



«АЛМАТЫ – АЛМАНЫҢ ОТАНЫ»

Шетелдік блогерлер YouTube-арнасында біздің шаһар туралы ролик шығарды



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

(Басы 1-бетте)

Видеоролик түрлі платформаларда, соның ішінде мың-миллион аудиторияға қолжетімді YouTube, Instagram, TikTok медиасында жарияланды. Жобаның жалпы аудиториясы 60 миллионнан астам адамды құрайды.

«Алматы – алманың отаны» деген әдемі роликті түсірген шетелдік News Daily арнасы түрлі елдердің мәдени ерекшеліктерін және бүкіл әлем бойынша туристердің болуы тиіс бірегей орындарды көрсететін видеороликтерімен танымал. Бізге арнайылап келген Nas Daily командасы барлығы бес видеоролик түсіріп үлгерді. Оның төртеуі Алматыға, біреуі Астанаға, сонымен қатар Алматы мен Қазақстанның мәдениеті, тарихы және басқа да ерекшеліктеріне арналған.

Команда мүшелері Қазақстанға келген сапарларынан алған әсерімен бөліскенде олар бірінші кезекте біздің қонақжайлылығымыз, аста-төк дәмді тағамдарымыз, ұлттық дәстүрлеріміз туралы және табиғатымыздың сұлулығын ерекше атап өтті. Туристерге әсем Алматыға міндетті түрде келуге кеңес беруді де ұмытпады.

Бейнероликтер Алматы қаласының Туризм басқармасы мен Visit Almaty туристік ақпараттық орталығының қолдауымен жасалды.

Егіз ұғым

Иә, Алматы мен алма бір-бірімен егіз ұғым. Бүгінде екеуі бөліп-жармай қатар айтылатын ұғымға айналғандай.

Бала күнімізде Алматыда оқитын студент ағамызды қатты күтетінбіз. Себебі, ағамызбен бірге үлкен бір сөмке алма келетін жыда. Ағам жолдорбасынан алмаларды шығарып жатқанда, апорттың аңқыған жұпар иісі үйдің ішін түгел алып кетуші еді. Сенесіз бе, танауымызды қытықтап, елітіп әкететін сол бір хош иіс көп күнге дейін бөлмеден кетпей тұрып алатын. Көлемі үлкен кеседей болатын қып-қызыл бір апорттың өзі кішкентай екі алақанымызға сыймай тұрушы еді. Жартысына жетпей-ақ тез тойып қалатынбыз. Ал қазіргі

алмаларда ондай жұпар иіс жоқ. Әрі көлемі де үлкен емес. Көлем демекші, Алматы апорттарының біреуінің салмағы бұрын 1 кг 200 гр болған деседі. Демек, біз соның шет жағасын көрдік деген сөз.

Алматы жылда Қала күнін тойлағанда міндетті түрде алма фестивалін ұйымдастыратыны бар. Біздің сол «Алма-фест» арқылы елімізге, оның ішінде мегаполиске шетелдік туристерді көптеп тартуға болатынын айтып отыр жергілікті билік өкілдері. Өйткені, әлем халқы Алматыны әліге дейін апорт алмасы арқылы таниды. Сондықтан аталған фестивальді халықаралық деңгейге шығаратын күн де туар деген сенімдеміз.

Апорт даңқын асырамыз

Алатаудың баурайында пайда болған апорт 1900 жылдары көбейіп, көпестер арқылы шетелге де кеңінен тарай бастаған. Осыдан кейін шетелдік бағбандар Алматы апорттың тұқымын алып, оны өз елдерінде өсіре бастайды. Бірақ Еуропа елдері мен АҚШ-тың бірқатар штатында апорт тамырланбай, өспейді. Ал Қытай, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан сынды іргелес мемлекеттер өнім алған. Алайда, сапасы мен дәмі жөнінен біздің апортқа жете алмаған. Бұл апорттың жер талғайтынын және Іле Алатауының алқабында ғана жақсы өсетінін білдіреді. Топырағы шұрайлы тау беткейінде, теңіз деңгейінен 900–1200 метр биіктікте жақсы өседі.

Сонау 1990 жылдары алма бақтары оталып, Алматыда қарқынды құрылыс жұмыстары жүргізіле бастаған. Кезінде апорт бақтары орналасқан аумақта зәулім ғимараттар бой көтерді. Айталық, қазіргі «Қазақфильм», «Алмагүл», «Таулы қырат» ықшамаудандарының орнында бұрын алма бақтары жайқалып тұрған еді. Оның шет жағасын біз студент кезімізде көрдік.

Қазір апорт бақтарында бұрынғыдай алма төгіліп тұрмаса да, бұл сорт түбегейлі жойылып кеткен жоқ. Бүгінде қала билігі апорт даңқын қайта асыруды қолға алды. Апорт ағашы ауруға шалдықпай, жақсы күтім көрсе, елу жылға дейін өнім береді екен. Соның негізінде апорт бизнесін дамытуға болады. Жайқалған алма бақтарын көруге шетелдік туристердің де асығары сөзсіз.

НЕ?

NE PROSTO CHOIR

Өтетін орны: Республика сарайы.
Күні мен уақыты: 31 наурыз, 19.00.
Дирижері: Мадияр Тойболды.
Автотұрақ: бар.
Жас шектеуі: 5+.
5 жастан асқан балалар бөлек билет сатып алуы керек.



Ф.Легар «Желіккен жесір»

Өтетін орны: Панфилов және Жібек жолы көшелерінде.
Күні мен уақыты: 30 наурыз, 19.00.
Ұзақтығы: 2 сағат 40 мин.
Жас шектеуі: 7+.
Қоюшы-режиссері: Миклош Синетар (Венгрия).
Қоюшы-хореографы: Питер Ласло.



ҚАШАН?

«Алтынның сынығы, асылдың тұяғы»

Өтетін орны: Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.
Күні мен уақыты: Көрмені наурыз айының 31-іне дейін тамашалай аласыздар.
Көрме: кинорежиссер Сұлтанмахмет Қожықовтың шығармашылық жұмыстары көрермен назарына ұсынылады.





ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ҚАЗАК ҚЫЗДАРЫ

нейрондық желі «көзімен»



Суреттер әлеужеліден алынған

Бүгінде нейрондық желінің дәурені жүріп тұр. Яғни жаһан, әлем жасанды интеллект жетегінде келе жатыр. Мәселен, мына қазақ қыздарының суретін суретші емес, сол нейрондық желі салған. Әдемі, иә?! Түп-тұнық, сапалы сурет! Бұл қалай салынған? Оны сәлден соң тарқатамыз.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Ал қазір «нейрондық желі» дегенге сәл шегініс жасай кетейік. Жасанды интеллект дегенді бізге түсінікті болу үшін қарапайым тілмен «адам санасының жасанды көшірмесі» немесе «адам санасы деңгейіндегі компьютер» деуге болады дейді мамандар.

«Нейрондық желі» деген ұғым осыдан 150 жыл бұрын пайда болғанда адамның миы мен жұлынындағы нейрондарды зерттеуге қатысты қолданылған екен. Біздің миымыз шамамен 86 миллиард нейроннан тұрады. Ал олардың жиынтығы нейрондық желіні құрайды. Әр нейрон – көптеген дендрит пен бір аксоннан тұратын жеке жасуша. Ондағы аксон тармақталып, ақпаратты бірден бірнеше жасушаға жеткізе алады. Бұл ұғымдарды ары қарай тереңдете беруге арнайы сол саланың маманы болмаса, біліміміз жете қоймас. Біздің айтқымыз келіп отырғаны – жай адамның сол миллиардтаған нейронның іске қоса отырып істейтін күнделікті тірліктерін, жұмыстарын оп-оңай атқара салатын, шаршап-шалдықпайтын, бірқалыпты қызмет атқара беретін жасанды интеллекттің өмірімізге дендеп

енгені. Мәселен, АҚШ-тың электронды коммерция нарығының дөкейі саналатын «Амазон» компаниясының қоймаларында бүгінде адамдарсыз, автоматтандырылған 200 мың машина жұмыс істейді. Әуелі болашақта жұмыссыз қалуымыз да бек мүмкін.

Ал енді әлгі суреттерге тоқталайық. Сонымен, нейрондық жүйе – түрлі әрекеттерді істей алатын компьютерлік жүйе. Бұл жүйеде нейрон сандары қаншалықты көп болса, соған сай қиын да күрделі істерді істей береді. Міне, көріп отырғаныңыздай, нейрондық желі сурет те салып береді. Ол үшін қандай сурет қалайсыз, мәселен, компьютер бағдарламасына «Наурыз мейрамына сәнденіп шыққан қазақ қыздары» деген мәтінді тере қойсаңыз, осындай суреттер шығарып береді. Әрі 1 минут ішінде-ақ сала қоятыны тіпті қызық. Ал суретшілер оған 1 күнін немесе 1 аптасын жұмсауы мүмкін. Сондықтан мамандар нейрондық желі салған суреттердің арнайы белгісі болуы керек деп отыр. Және де нейрондық желі суретшілерге мықты бәсекелес те, көмекші де болуы мүмкін дейді.

Иә, нейрондық желі шығармашылық салаға да көп әсер етіп жатыр. Мәселен, жасанды интеллект сізге қаласаңыз әңгіме, эссе, тіпті киносценарий де жазып береді дейді. Сондай-ақ, бұл желі өзіңізді мазалаған түрлі сауалға жауап бере алады. Ән де шығарады, жұлдыз-жорамалдарды да ойлап тапқыш, техникалық нұсқауларды да құрастырып береді. Оны айтасыз, роботтар тіпті симфония жазуды үйреніп жатқан көрінеді.

Шынымен де жұмыссыздық қаупі төніп тұрған жоқ па осы бәрімізге? Кім білсін. Дегенмен, адам санасының мүмкіндіктерін иемденіп жатқан жасанды интеллекттің тиімді немесе зиянды жағын уақыт еншісіне қалдырдық.

ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК АЙЫ

Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайды

(Басы өткен сандарда).

Жақсылықтар еселенетін қасиетті айда «Алматы ақшамында» ораза ұстаған жамағатқа бағыт-бағдар болатын «Muftuat» баспасынан шыққан «Оразаға қатысты 200 сұрақ» атты кітапшадан тағылымды үзінділер берілетінін хабарлаған едік. Бүгін оқырман назарына кезекті жеті «сұрақ-жауаптан» тұратын топтаманы ұсынамыз. Ораза қабыл болсын, ұстаған жан!

■ **Рамазан оразасының әр күніне бөлек ниет ету шарт па, әлде айдың басында ниет ету жеткілікті бола ма?**

■ Оразаның әрбір күні өз алдына бөлек ғибадат. Сондықтан әр күнге жеке ниет ету шарт болып саналады. Фикһ ғалымдары бір күннің оразасын бұзу басқа күндердің оразасын бұзбайтынын айта отырып, Рамазан оразасының әр күніне жеке-жеке ниет ету қажет деген тұжырымға тоқтаған.

■ **Ораза ұстауға қалай ниет етіледі?**

■ Оразаға былай ниет етіледі: «Нәуәйту ән асумә сауәм шаһри рамаданә минәл фәжри иләл мәғриби халисан лилләһи тағалә». Мағынасы: «Алланың разылығы үшін рамазан айының оразасын таңнан кешке дейін ұстауға ниет еттім».

■ **Рамазан оразасы қаза болған жағдайда оған қалай ниет етіледі?**

■ Мойнында бір күндік немесе одан артық рамазан оразасының қазасы бар адам бұл оразалардың қазасын өтегенде: «Мойнымдағы қазалардың ең алғашқысын (немесе ең соңғысын) өтеуге» деп ниет етеді. Сондай-ақ, «Рамазан айының қаза болған оразасын таңнан кешке дейін өтеуге ниет еттім» деп айтуына да болады.

■ **Құбылмалы, яки шартты түрде ниет етуге бола ма?**

■ Жоқ, ниет құбылмалы және шартты болмауы керек. Мысалы, «ертең қонаққа шақыра қалса, аузымды ашуға, егер шақырмаса, ораза ұстауға ниет еттім» деп ниет етуге болмайды. Мұндай құбылмалы ниетпен ораза дұрыс болмайды. Сонымен қатар, екі ойлы болып, «Алла қаласа, ертең ораза ұстауға ниет еттім» деп ниет етуге де болмайды. Ал «Алла қаласа» деген сөзді Алланы еске алу үшін ғана айтып, нақты ораза ұстау ниетінде болса, онда бұлай ниет етуінде сөкеттік жоқ.

■ **Қаза және нәпіл оразаға бірдей ниет етсе бола ма?**

■ Қаза және нәпіл оразаға бір ниет жарамайды. Өйткені, әрбір ораза өз алдына бөлек ғибадат.

■ **Оразаны арықтау үшін немесе денсаулығым жақсарсын деп, яки көппен бірге ұстай салайын деп ұстауға бола ма?**

■ Оразаны тек арықтау үшін немесе денсаулығым жақсарсын деп, яки көппен бірге ұстау дұрыс емес. Әуелі ниетті түзеп, бір Алланың ризалығы және парыз болғандығы үшін ұстайды. Сонда Алланың разылығын да алады, денсаулығына да оң әсері тиеді. Кез келген құлшылықтың Оразаға ниет қабыл болуы ниетке байланысты. Себебі, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисте: «Амалдардың барлығы ниетке байланысты», – деген. Олай болса, біздің Рамазан айында жасаған құлшылықтарымыз да ниетімізге байланысты мың құлшылыққа пара-пар болмақ. Кім қандай ғибадат жасаса да, оны шын ықыласпен орындауы тиіс. Әйтпесе, жасаған құлшылықтан еш пайда болмайды.

■ **Аузымды ашамын деп ниет етіп, бірақ ашпаса ораза бұзыла ма?**

■ Аузын ашуға ниет еткен адамның оразасы тамақ ішпегендіктен бұзылмайды. Себебі, оразаны бұзатын әрекет жасалмады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Жалғасы бар).

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«Қаздар мен аккулар»

Өтетін орны: Алматы қаласының мемлекеттік қуыршақ театры.
Жанр: ертегі.
Автор: Елена Локшина.
Режиссері: Антон Зайцев.
Күні мен уақыты: 30 наурыз, 11.00.



«МАҒАН НАЗАР АУДАР»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.
Режиссері: Абдусайд Шайхисламұлы.
Күні мен уақыты: 30-31 наурыз, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.



«Тамақтану және дене арқылы күйзелісті басқару»

Өтетін орны: Луганский көшесі, 54-үй.
Спикер: Мария Бромберг.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Дәріс: Бойыңызда пайда

болған күйзелістен құтылу, диетаны қалай дұрыс ұйымдастыру керектігі туралы.
Күні мен уақыты: 30 наурыз, 18.30.
Кіру: тегін.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ДҮЙСЕНБІ
3 СӘУІР

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
7.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
8.00 Төрлет, өз-Наурыз!
10.00 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Отыздан асып барамын»
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб
17.15 Женский кино клуб
18.00 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Ораза қабыл болсын!
20.10 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
21.00 Телехикая
22.00 Мужской сериал
23.00 Телехикая. «Отыздан асып барамын»
0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
0.50 Шешімі бар
1.35 Өмір иірімі
2.15 Дала сазы
2.40 Алматы тұнған тарих
3.00 Алматинские истории
3.25 Әсем әуен
4.40 Алматы көші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Жат бауыр». Телехикая. (с субтитрами)
14.10 «Қызық екен...»
15.00 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
15.50 «Aqorda»
16.00 «Айман&Шолпан» Телехикая. (с субтитрами)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ЖАТ БАУЫР». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 AQPAPAT
1.10 «Сана»
2.10 «Өмір көркем»
3.00 «Ауылдастар»
3.30 Өнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 Мегахит. «Осада»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.30 Мультфильм. «Махнем на Луну!»
12.00 Телехикая. «Үкім»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телесериал. «Выбор матери»

- 17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Ток шоу.
Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Үкім»
21.45 Телехикая. «Құсайыновтар. Өмір жолы»
23.00 «Ұйқым келмейді». Тікелей эфир!
00.00 «StartUp KZ»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 «31 әзіл»
08.00 Т/сериал «Листопад» (повтор)
09.00 Мультсериал «Команда «Мстители»
09.30 Мультсериал «Маша и медведь»
10.20 КИНО. Роман Дюрис в фантастическом триллере «Дыши во мгле» (повтор)
12.20 КИНО. Дуэйн Джонсон в боевике «Быстрее пули» (повтор)
14.30 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Скалолаз»
17.00 Шоу «Battle пар». Прямой эфир
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 КИНО. Джеки Чан в боевике «Проект А»
23.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
00.00 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «P@UTINA» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.45 «40+, ИЛИ ГЕОМЕТРИЯ ЧУВСТВ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Балуев, Мария Порошина в многосерийном фильме «ЗОЛОТО ЛАГИНА»
0.30 Премьера. Сергей Безруков в многосерийном фильме «ШПИОН»
1.30 Ночной кинотеатр. «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ»
2.20 «НОВОСТИ»
2.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.40 «KOREMIZ» бағдарламасы
3.25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.50 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы

7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/х «Няня тап»
07.00 Т/х «Тақиясыз періште»
08.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 Х/с «Отравленная жизнь»
12.50 Скетчком «Q-елі»
13.40 Т/х «Тақиясыз періште»
14.30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
16.30 Т/с «Девушки с Макаровым»
17.00 Т/с «Семейные узы»
18.00 Т/с «Испытание»
20.00 Т/с «Медиатор»
21.00 Т/х «Алғашқы махаббат»
21.30 Телехикая
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.30 Т/х «Няня тап»
00.00 Келесі кім?
00.30 Т/с «Девушки с Макаровым»
01.00 Jaidarman
02.00 Т/п «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «БӘРІ ЕСІМДЕ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ӨУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
10.00 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
10.50 «ПСИХОЛОГИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЯ», остросюжетный детектив (худ.сериал)
14.40 «ЭТО НЕ НАВСЕГДА», драма (худ.сериал) (повтор)
16.30 «АДАСҚАН ҚЫЗ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.50 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ВЕРОНИКА», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23.40 «ТВЕРСКАЯ», детективная драма. Премьера! (худ.сериал)
01.35 «ПЕС-5», остросюжетный детектив (повтор) (худ.сериал)
02.25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.10 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы (қайталау)
04.20- КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ТЕННИС. ITF W60
09.15 «PRO FOOTBALL». УЕФА Еуропа мен Конференция лигасы. 1/4 финал
09.50 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. (Әйелдер) 5-6 орындар. «Айқарақөз» – «Алматы»
12.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
12.40 БОКС. Әлем Чемпионаты. (Әйелдер)

- 15.15 «АЛАМАН». 1 бағдарлама
15.40 «PRO FOOTBALL». Лига чемпионов УЕФА. 1/4 финал
16.15 НАСТОЛЬНЫЙ ТЕННИС. VI летняя Спартакиада
19.35 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
20.10 «Шаршы алаңда бұрымдылар». Арнайы репортаж
20.30 ММА. OCTAGON 43
00.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
00.40 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Сәби»
7.45 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
8.15 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
8.40 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
9.00 «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
9.10 «Қайсар автобус» Мультхикая.
9.25 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
9.35 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
9.50 Анимация. Отандық / «Пырақтар»
10.00 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.25 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
10.50 «Еңбек-ермек» танымдық бағдарлама.
11.00 «Ғажайып өлке» танымдық бағдарлама.
11.05 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық / «Алтын кілт»
11.40 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
12.00 «Анаммен бірге/ әкеммен бірге» танымдық бағдарлама.
12.05 «Ауыл жұлдыздары» ситком.
12.45 «Горм сақшылары» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «100% қасқыр» Мультхикая.
14.00 «Үйрен де, жирен!» танымдық бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
14.30 «Табиғат сақшылары» ситком.
14.50 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
15.25 «Қайсар автобус» Мультхикая.
15.40 Анимация. Отандық / «Жібек»
15.50 Анимация. Отандық / «Тотықұстар»
16.10 Анимация. Отандық / «Сәби»
16.50 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
17.15 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.40 «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама
17.55 «Ауыл жұлдыздары» ситком.
18.35 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.

- 19.00 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.25 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
19.40 «Ғажайып өлке» танымдық бағдарлама.
19.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
20.20 «100% қасқыр» Мультхикая.
20.45 «Табиғат сақшылары» ситком.
21.05 «Горм сақшылары» Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
21.50 Анимация. Отандық / «Алтын кілт»
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
22.40 Анимация. Отандық / «Тотықұстар»
23.05 «Момба мен Моми зерттеулері» Мультхикая.
23.25 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

- 06.00 «Сарай жауһары» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Поздний срок» телесериал
10.00 «Қара шаңырақ» телехикаясы
12.00 «Ұлым» түрік телехикаясы
14.00 «Жаралы сезім» корей телехикаясы
15.35 «Склифосовский» телесериал
18.00 «Поздний срок» телесериал
19.00 «Сезон дождей» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Үміт үйі» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00 «Жаралы сезім» корей телехикаясы
01.25 «Склифосовский» телесериал

TALIM TV TALIM TV

- 07.00 Views
08.10 Қышқыл мысқыл
09.00 Балалық шаққа саяхат
09.30 Проза параграфы
09.55 Сау болайық
10.10 Қалақай
10.30 Бабалар сөзі – өсиет
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Үлкен үй-4» – телехикая
17.00 Сау болайық
17.10 Айтыс. Алтын қор
17.50 Dara til
18.20 Оңline
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
18.50 Сау болайық
19.00 Тәлім trend
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.00 Ұлт саулығы
21.15 «Үлкен үй-4» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 Менің анам, әкем
22.55 Views

СЕЙСЕНБІ
4 СӘУІР

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
8.00 Төрлет, өз-Наурыз!
10.00 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Отыздан асып барамын»
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб
17.15 Женский кино клуб
18.00 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Ораза қабыл болсын!
20.10 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
21.00 Телехикая.
22.00 Мужской сериал
23.00 Телехикая. «Отыздан асып барамын»
0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
0.50 Шешімі бар
1.35 Өмір иірімі
2.15 Дала сазы
2.40 Алматы тұнған тарих
3.00 Алматинские истории
3.25 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Жат бауыр». Телехикая. (с субтитрами)
14.20 «Қызық екен...»
15.20 «Әйел әлемі»
16.00 «Айман&Шолпан» Телехикая. (с субтитрами)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ЖАТ БАУЫР». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 AQPAPAT
1.10 «Сана»
2.10 «Өмір көркем»
3.00 «Ауылдастар»
3.30 Өнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 Телесериал. «Выбор матери»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.30 Мультфильм. «Славные птички»
11.50 Мультсериал. «Десять друзей кролика»
12.00 Телехикая. «Үкім»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телесериал. «Выбор матери»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар

- 19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Үкім»
21.45 Телехикая. «Шашу»
23.00 «Ұйқым келмейді». Тікелей эфир!
00.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
01.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.10 Информбюро (повтор)
08.10 Т/сериал «Листопад» (повтор)
09.00 Мультсериал «Команда «Мстители»
09.30 Мультсериал «Маша и медведь»
10.10 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Скалолаз» (повтор)
12.40 КИНО. Джеки Чан в боевике «Проект А» (повтор)
14.50 КИНО. Сильвестр Сталлоне, Джейсон Стэйтем в боевике «Неудержимые»
17.00 Шоу «Battle пар». Прямой эфир
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 КИНО. Джеки Чан в боевике «Проект А. Часть 2»
23.10 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
00.00 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11.35 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.20 «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ». Многосерийный фильм
13.20 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Балувев, Мария Порошина в многосерийном фильме «ЗОЛОТО ЛАГИНА»
0.30 Премьера. Сергей Безруков в многосерийном фильме «ШПИОН»
1.30 Ночной кинотеатр. «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ»
2.20 «НОВОСТИ»
2.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.40 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3.25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.50 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
До 4.55



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/х «Няня тап»
07.00 Т/х «Тақиясыз періште»
08.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Т/с «Испытание»
11.30 Т/с «Медиатор»

- 12.30 Телехикая
13.40 Т/х «Тақиясыз періште»
14.30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
16.30 Т/с «Девушки с Макаровым»
17.00 Т/с «Семейные узы»
18.00 Т/с «Испытание»
20.00 Т/с «Медиатор»
21.00 Т/х «Алғашқы махаббат»
21.30 Телехикая
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.30 Т/х «Няня тап»
00.00 Келесі кім?
00.30 Т/с «Девушки с Макаровым»
01.00 Jaidarman
02.00 Т/п «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «БӘРІ ЕСІМДЕ», корей телехикаясы
Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ӨҮЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
09.50 «БЫЛО ДЕЛО»
10.40 «ПСИХОЛОГИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЯ», остросюжетный детектив (худ.сериал)
12.30 «ТВЕРСКАЯ», детективная драма (повтор) (худ.сериал)
14.40 «ВЕРОНИКА», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
16.30 «АДАСҚАН ҚЫЗ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.50 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ВЕРОНИКА», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23.40 «ТВЕРСКАЯ», детективная драма. Премьера! (худ.сериал)
01.35 «ПЕС-5», остросюжетный детектив (повтор) (худ.сериал)
02.25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.10 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы (қайталау)
04.20-
04.50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ТЕННИС. ITF W60
08.25 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
09.00 «PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар лигасы. 1/4 финал
09.35 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. (Ерлер) Тікелей эфир
11.35 «Жауынгер». Документальный фильм
12.00 «АЛАМАН». 2 бағдарлама
12.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. (Ерлер) Тікелей эфир
14.25 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
14.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. (Ерлер) Тікелей эфир

- 16.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
17.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. (Ерлер) Тікелей эфир
19.25 «PRO FOOTBALL». Лига Европы и Конференций УЕФА. 1/4 финал
19.55 БОКС. Әлем Чемпионаты. (Әйелдер)
22.00 «Тұлға». Д.Тұрлыханов. Деректі фильм
22.30 ММА. «ALASH PRIDE 82»
00.50 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
01.40 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Сәби»
7.45 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
8.15 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
8.40 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
9.00 «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
9.10 «Қайсар автобус» Мультхикая.
9.25 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
9.35 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
9.50 Анимация. Отандық / «Пырақтар»
10.00 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.25 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
10.50 «Күмбір live» танымдық бағдарлама
11.00 «Ғажайып өлке» танымдық бағдарлама.
11.05 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық / «Бозторғай»
11.40 Анимация. Отандық / «Сақалар»
12.00 «Анаммен бірге/ әкеммен бірге» танымдық бағдарлама.
12.05 «Ауыл жұлдыздары» ситком.
12.45 «Горм сақшылары» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «100% қасқыр» Мультхикая.
14.00 «Үйрен де, жирен!» танымдық бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
14.30 «Табиғат сақшылары» ситком.
14.50 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
15.25 «Қайсар автобус» Мультхикая.
15.40 Анимация. Отандық / «Жібек»
15.50 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
16.10 Анимация. Отандық / «Сәби»
16.50 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
17.15 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.40 «Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарлама
17.45 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»
17.55 «Ауыл жұлдыздары» ситком.
18.35 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
19.00 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.

- 19.25 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
19.40 «Ғажайып өлке» танымдық бағдарлама.
19.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
20.20 «100% қасқыр» Мультхикая.
20.45 «Табиғат сақшылары» ситком.
21.05 «Горм сақшылары» Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
21.50 Анимация. Отандық / «Бозторғай»
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
22.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
23.05 «Момба мен Момми зерттеулері» Мультхикая.
07.05 ТЕННИС. ITF W60
08.45 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
09.10 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
09.40 «Шаршы алаңда бұрымдылар». Арнайы репортаж
10.00 ДЗЮДО. Б.Махмудовты еске алуға арналған жасөспірімдер мен жастар арасындағы Азия Кубогы. Тікелей эфир
11.30 Грек-рим күресінен Азия чемпионаты. Квалификация (55 кг, 63 кг, 77 кг, 87 кг, 130 кг) Тікелей эфир
13.00 Грек-рим күресінен Азия чемпионаты. Жартылай финалдар (55 кг, 63 кг, 77 кг, 87 кг, 130 кг) Тікелей эфир
14.00 Грек-рим күресінен Азия чемпионаты. Жұбаныш белдесулері (55 кг, 63 кг, 77 кг, 87 кг, 130 кг) Тікелей эфир
14.30 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
15.00 ШАХМАТЫ. Матч за звание Чемпиона мира по шахматам 2023. Ян Непомнящий (ФИДЕ) – Дин Лижэнь (Китай). 2 раунд. Прямой эфир
18.00 Грек-рим күресінен Азия чемпионаты. Финал (55 кг, 63 кг, 77 кг, 87 кг, 130 кг) Тікелей эфир
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Ордабасы» – «Ақтөбе». Тікелей эфир
23.00 ФУТБОЛ. Программа «Тур по туру». Прямой эфир
23.40 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шоуы
00.30 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
7.40 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
7.50 Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
8.15 «Супер әке» Мультхикая.
8.40 Анимация. Отандық / «Менің елім»
8.55 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
9.05 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
9.30 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
10.00 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
10.05 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық / «Бөпе»
10.45 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
10.55 «Құпия кітап» ситком.
11.20 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
11.30 «Горм сақшылары» Мультхикая.
11.55 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
12.10 Анимация. Отандық / «Менің елім»
12.25 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
12.35 «Аға болғым келеді» ситком.
12.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
13.15 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
13.30 Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
13.55 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
14.10 «Бигфут отбасы» толықметражды мультфильм
15.45 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
15.55 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
16.10 «Супер әке» Мультхикая.
16.35 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
16.50 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
17.00 Анимация. Отандық / «Бөпе»
17.15 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
17.20 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
17.50 «Аға болғым келеді» ситком.
18.05 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
18.15 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
18.30 «Құпия кітап» ситком.
19.00 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
19.30 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»
19.45 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»

19.55 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
20.25 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
20.45 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
21.15 «Дарын мен Айзере» ситком
21.35 «Горм сақшылары» Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 «Бигфут отбасы» толықметражды мультфильм
23.45 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Двойная жизнь» телесериал
11.30 «Жұлдызды жекпе-жек» жобасы
13.30 «Алдараспан»
17.50 «Влюбленное сердце» Индийское кино
21.00 «Үміт үйі» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00 «АШЫ ШЫНДЫҚ» тележоба
02.00 «Көру керек!» бағдарламасы

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Бабалар сөзі – өсиет
11.00 Қазақ спортының классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Айтыс Strike
14.10 «Барынды бағала» – қысқа метражды фильм
14.50 Ұлт саулығы
15.00 ТамашаLike
16.00 «Үлкен үй-4» – телехикая
17.00 Сау болайық
17.20 Бір дубль
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Пруст сауалнамасы
21.00 Ұлт саулығы
21.15 «Үлкен үй-4» – телехикая
22.00 YouTube Times
22.55 Views



«ҚАЗАҚСТАН ДАУЫСЫ. БАЛАЛАР». Музыкалық жобасы. «ҚАЗАҚСТАН» арнасы. Сағат 12.00-де.



● АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

ПАЙДАЛЫ ТАҒАМДАР

Қасиетті Рамазан айында асқазаныңызға күш түсірмейтін, денсаулыққа пайдалы тамақтарды ішкен дұрыс. Өздеріңіз білетіндей, оразада мұсылмандардың ас ішу режимі өзгереді. Аштықты сезінбей, әлсіремеу үшін сәресін жібермей, міндетті түрде тамақтанған абзал.



**Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

«Сәресіні ішіндер! Расында сәресінде береке бар» дейді ислам ғұламалары. Осы ретте күні бойы ағзаңызға күш беретін тағамдар жайлы айтсақ дейміз.

Жалпы, адам баласы ораза ұстауды бастаған кезде, айналасы 1 аптаның ішінде ағзада глюкозаның бөлінуі өзгере бастайды екен. Мұның әсерінен адамның басы айналып, әлсіреуі әбден мүмкін. Бірақ айналасы 4-5 күнде организм бейімделіп, кешкі сағат 19.00-20.00-де ас ішуге үйрене бастайды. Ас-мәзіріңізде міндетті түрде ақуыздарға бай тағамдар болғаны дұрыс.

Мысалы, ет, бұршақ, жаңғақ, ботқа, көмірсулар болғаны абзал. Мамандардың пікірінше, күрделі көмірсуларды көбірек тұтыну керек. Яғни ботқаның барлық түрі, көкөністер мен жеміс-жидектер жатады. Сондай-ақ, қолдың майын, сұйық май, зәйтүн майларын да қолданған жөн. Осылайша ішектің жұмысын жақсартуға да күш саласыз. Сәресіде майлар мен ақуыздарға көңіл бөліңіз. Мысалы, шұжық, жылқының еті, жұмыртқа, қолдың сары майы қосылған ботқаны ішсеңіз, күні бойы тоқ жүресіз. Ауызашар кезінде тойып тамақтанбауға тырысу керек. Асқазаныңызға жеңіл болу үшін алдымен су мен құрмадан дәм татыңыз, 15 минут тамақтаныңыз. Аз-аздан жеген асыңыз бойыңызға сіңімдірек болмақ. Ауыз ашқаннан кейін барынша жиі әрі көбірек су ішу керек.

Дұрыс тамақтану арқылы иммунитетті күшейте аламыз. Ораза аяқталған соң күніне 5-6 рет аз-аздан тамақтану керек. Сондай-ақ, фаст-фуд тағамдарын азайтыңыз. Тағамды қоры-

тамын деген ниетпен көмірсу, газдалған сусынды ішпеңіз. Себебі, енді ғана күнделікті тамаққа үйреніп келе жатқан асқазанға ауырлық түсіруі мүмкін. Кино көргенде, әңгіме арасында кириешки, чипс, тәтті тағамдардан өзіңізді шектеніз. Оның орнына кептірілген жемістер, қытырлақ нандар жеңіз.

Көктем – адам ағзасының әлсіреп, дәрумен тапшылығының пайда болатын шағы. Биыл жылдың бұл мезгілі қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келді. Сол себептен дұрыс тамақтану арқылы денсаулығыңызды сақтаңыз.

Ауызашарға арналған тағамдар:

- талқан, тары;
- күріштен жасалған жеңіл тағам;
- қарақұмық, құрма;
- сұлы жармасы;
- табиғи шырындар: морс, каркаде, компот;
- көкөністер;
- кептірілген көкөністер;
- жалбыз шайы, көк шай;
- сүт өнімдері;
- ет, құс еті, балық.



● МАМАН ПІКІРІ



Салтанат БОЛАТБЕКҚЫЗЫ,
кәсіби диетолог:

Суды көбірек ішіңіз

Әр адамның ішкі қоры бар. Бұл – бүйрек, бауыр мен асқазан майлары. Ал іштегі май 80% судан тұрады. Су ішпегендіктен, оразаның алғашқы күндері организм қиналуы мүмкін. Бірақ ары қарай азда мұны түсінеді де, күндіз су мөлшерін ішкі қордан алады. Осылайша ағзада өздігінен тазалану процесі жүреді. Кей адам осы сәтте арықтайды.

Ал дұрыс тамақтанбағандар, керісінше толады. Ең алдымен, ауыз ашқан соң ағзадағы су мөлшерін қалыпқа келтіруді ойлаңыз. Ауызашарда бөлме температурасымен 0,5-1 л арасында су ішу керек. Бұл алғашқы 20 минутта болғаны жөн. Суды бірден ішуге болмайды. Асықпай, жаймен ішіңіз. Су негізден бөлме температурасында болуы керек? Себебі, салқын су ішетін болсақ, ол асқазанда тұрып қалады да, ішекке қарай өтпейді. Яғни суды дене температурасымен бірдей болғанша күресіп, асқазанда ұстайды. Ал біз ауыз ашқан соң ішкен тамағымыз сумен араласады да, қоймалжың формаға еніп, тамақ дұрыс қорытылмайды.

Осылайша оразада ағза тазаланудың орнына, тамақ токсинге айналып, асқазанда жиналады. Мұның арты иммунитеттің түсуіне әкеледі. Асқазан-ішек жолдарының жұмысы бұзылады. Іш қатады, салмақ қосасыз. Міне, осының бәрі суды дұрыс ішпегеннің әсері. Есте сақтаңыз, сәресіне дейін тағы 1 литр су ішу керек. Осылайша күніне 2 литр су ішу нормасын орындаймыз.

ОРАЗАҒА ҚАТЫСТЫ ОН САУАЛ

Жыл сайын қасиетті Рамазан айында дін мамандары халықтан кеп түсетін түрлі сұрақтарға жауап береді. Дені ораза тұтудың ережелері мен әдептеріне байланысты. Оразаға қатысты көпшіліктің көкейінде жүрген сұрақтардың жауабын Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы «Шариғат және пәтуа» бөлімі мамандарының пікіріне сүйене отырып, оқырман назарына ұсынып отырмыз.

■ **Сәресіге тұрмай-ақ ораза тұтуға бола ма?**

Сәресіге тұрмай-ақ ораза тұтуға болады. Алайда, Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.): «Бір жұмтың су ішсеңдер де, сәресін үзбеңдер. Өйткені, Алла Тағала мен періштелер сәресіге тұрғандарға жақсылық тілейді», – деген өсиеті бар. Сонымен қатар, сәресіге тұрып ас ішу немесе ең болмаса су ішу не құрма жеу күні бойы адамға қуат береді. Нәтижесінде ораза ұстауда түрлі қиындықтардың алдын алуға септігін тигізеді. Ал сәресіге ұйықтап қалған кісі сол күнгі оразасын жалғастыра береді», – дейді дін мамандары.

■ **Намаз оқымайтын адамның оразасы қабыл бола ма?**

ҚМДБ «Шариғат және пәтуа» бөлімі мамандарының айтуынша, қандай да бір құлшылықтың қабыл болуы үшін шарттар қойылған. Ең алдымен адамда ниет, ықылас болуы керек. «Оразаға келер болсақ балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс мұсылман адам ораза тұтуы парыз. Бірақ оразаның шарттарын қарайтын болсақ, ішінен ол адамның намаз оқуы керек деген шарт таппаймыз. Яғни ораза ұстайтын адам міндетті түрде намаз оқу керек деген шарт жоқ», – дейді ол.

■ **Ғұсылсыз және дәретсіз ауыз бекіте беруге бола ма?**

Дәретпен жүру – сауапты іс, алайда оразада дәретсіз ауыз бекітуге болмайды деген шарт жоқ. Адамға дәрет алу арнайы құлшы-



лық жасайтын уақытта: намаз оқу, Құран оқу сияқты т.б. кездерде парыз саналмақ. Ал енді басқа уақыттарда дәретсіз жүруіне рұқсат. Дәреттің оразаға қатысы жоқ. «Мен жерді дәретсіз баспаймын» деп дәретпен жүруді қалайтын адамның ықтияры өз еркінде: қаласа дәретпен, қаламаса дәретсіз жүреді.

■ **Қатты ашуден ауыздан жаман сөз шыкса, ораза бұзыла ма?**

Ораза одан бұзылмайды, бірақ сауабы кемиді. Ораза тек аштық ғана емес, рухани да құлшылық. Сондықтан нәпсіні тыя білген жөн. Тіл мен басқа ағзаларды күнәдан сақтау, ілім үйрену, Құранды көп оқу ораза кезіндегі сауапты арттырады.

■ **Оразада шаш қысқартуға және шаш бояуға бола ма?**

Шаш бояу, шаш қысқарту, тырнақ бояу оразаны бұзатын жағдайларға жатпайды. Алайда, намаз оқитын кісінің тырнаққа жағылған бояуы дәретіне және ғұсылына келдергі болады.

■ **Ораза кезінде тамырға немесе денеге ине салу, екпе егу оразаны бұзады ма?**

Егер ине егу арқылы адамның бойына жіберілетін дәрі-дәрмектің құрамында дәрумендер болып немесе ол дәрі-дәрмек азық орнына пайдаланып, адам ағзасына қуат беретін болса болмайды. Мұндай дәрі-дәрмекті ауызды ашқаннан кейін пайдалану кер-

рек. Ал енді ем үшін салынатын дәрі-дәрмектің құрамында дәрумен болмаса және ол адам ағзасына қуат бермесе, ол асқазанға табиғи жолмен түспегені үшін оразаны бұзбайды. Бірақ мүмкін болса ауызашар уақытына дейін кешіктірген абзал.

■ **Тарауих намазын тек ораза ұстағандар ғана оқи ма?**

Тарауих намазын ораза айында оқылатын құлшылық түрі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) оразада бұл намазды үнемі оқығандықтан үкімі «бекітілген сүннет».

Аталмыш намазды оразаны тұтқан да, тұтпаған да оқыса сауапқа кенеледі. Тарауих намазын оқудың сауабы жайында Алланың Елшісі (с.ғ.с): «Кімде-кім, Рамазанда сауабын үміт ете отырып, Алла разылығы үшін Тарауих намазын оқыса, оның өткен күнәлары кешіріледі», – деген.

■ **Қадір түнін таң атқанша ұйықтамай өткізу шарт па?**

Қадір түні – Рамазан айындағы ең қасиетті мұбаһарат түн. Бұл түні жасалған ғибадат 83 жылдық сауапқа бара-бар. Сондықтан бұл түнді нәпіл намаз, Құран оқып, зікір айтып, саликалы істер жасап, ғибратты әңгімелер мен уағыздар тыңдап өткізген абзал. Қадір түнін таң атқанша көз ілмей өткізу шарт емес. Өркім өз жағдайы мен ыңғайына қарай өткізеді. Түні бойы дастар-

қан жайып үйде күту де, мешітте өткізу де шарт емес.

■ **Аллергиясы бар адамдар ораза ұстаған кезде көзге, мұрынға тамызатын тамшыларды қолдануына бола ма?**

Көзге тамызатын дәрілер оразаны бұзбайды. Ал мұрынға арналған спрейлер оразаны бұзуы мүмкін. Өйткені, тамшы асқазанға, өңешке кетеді. Ғалымдардың зерттеуінше, аллергиясы бар адамдар негізінен бір ай бұрын қамданса болады. Алдын ала арнайы уколдар қабылдаса, оразаны қиындықсыз өткізуге болады деседі. Ал егер мұрынға арналған тамшылар тек тыныс жолдарында қалып, тамақтан өтпесе, ораза бұзылмайды.

■ **Айт күні сәресін ішу міндетті ме?**

Айт күні сәресін ішу міндетті емес. Бірақ Ораза айтқа барарда аузыңыздың берік емесін білдіру үшін құрма жеп баруыңыз керек. Ол таң атып, намазға бара жатқан кезде. Яғни сәресін ішіп, ауыз бекіту – шарт емес. Көбі «ауыз ашып бару керек» дегенді «сәре ішу» деп түсініп қалып жатады. Сөйтіп, Ораза айтқа ауыз бекітіп барады. Ол – қате. Айт күні – мереке. Айтқа ішіп-жеу керек. Құрбан айтқа мәселе басқа. Ол күні Пайғамбарымыздың сүннеті бойынша таң намазын, одан Айт намазын оқиды.

Әзірлеген Айнуір СЕНБАЕВА.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

ҰЛ ҰЯТЫМЕН, ҚЫЗ ҚЫЛЫҒЫМЕН АРДАҚТЫ

Ата-бабамыз өзінің өмір салтына өте берік болған. Жай түсіп, жау шауып жатса да, ізгіліктен айнымаған. Сыйлау мен сыйласа білудің қадірін ұғынған. Артық қылықты ағаттыққа балаған. Соның нәтижесінде ел абыройын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттаған.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қоғам қайраткері Зейнеп Ахметова «Батыс заңға, шығыс дінге бағынады, ал қазақ «ұят болады» қағидатын биік қойған» дейді. Расында сайын даланың төсінде жартылай көшпелі ғұмыр кешкен көшпенділер әр нәрсенің астарын терең білген.

Әлем халықтарының дәстүр-салты сан түрлі. Әрқайсысында құндылық та әрқилы. Батыс елдері заңда жазылмағанның бәрін жасайтын көрінеді. Одан аттаса, сотталатынын біледі. Ол жазаның өтеуі өте ауыр болады. Сөйтіп, абақтының арғы жағынан бір-ақ шығуы ықтимал. Олар соны ойлайды. Медальдің екінші жағы да бар. Заңда жазылмағанның барлығына назар аударады. Тіпті, шектен шығып, оғаш қылыққа барады. Өйткені, ол жақта «адам түгілі, жан-жануардың» құқығы қорғалған. Кейде асырып-ақ жібереді. Арғы жағы айтпаса да түсінікті.

Дүние бір қызық тылсым ғой. Шығыс халықтарының таным-түсінігі өзінше бір ерекше. Таяу шығыс халықтарын мысалға келтірейік. Шығыс – дінге қатты мойынсұнады. Қасиетті кітаптағы жазылған қағиданы бұзса, күнәға батады деп ұғады. Мұның өтеуін бақи дүниеде тартады деп сенеді. Сондықтан діннің айтқанына бағынып, күн кешуді күп көреді. Мұнда да ойланатын нәрсе көп. Бұл әлемде нәзік жандылар мен баланың жүріп-тұруына байланысты шектеу байқалады. Бүркену, тұмшалану, оқшаулану сынды нәрселер көзге ұрып тұрады. Бөріне топырақ шашпаймыз, дегенмен шындығы солай.

Дүниеде көшпенді ғұмыр кешіп, батыс пен шығыс мәдениеті мен өркениетіне батыр бабаларымыз үлкен үлес қосты. Осы ретте дана халқымыздың да өз дүниетанымы айрықша. Қазақ «өлімнен де ұят күшті» дейді. Қандай ғажап сөз десеңізші. Сонымен бірге, «қызға қырық үйден, ұлға отыз үйден тыйым» салған. Сонда қазақ халқының дәстүрлі ғұмыр салтында «ұят» ізгі іс саналады. Бұны бәрінен биік әрі жоғары қойып тұр.

Осы күні ұятты жиып қоятын жағдайға жеттік. Күнделікті қайнаған тіршілікте ар-иба қалып бара жатқан сияқты. Осындай өзекті рухани мәселені көтеріп, оқырманға ой түрткі салуды жөн көреміз.

Ұлы ұғым

Жаһандану дегеніміз – жұтылу. Бәріміз заманға сай болуға тырысамыз. Қиналып күн кешуден жалыққандаймыз. Қажыған адам жеңіл қаражатқа құмар. Қайда мол табыс, сонда мойын бұрамыз.

Алғашқы кезекте материалдық құндылық алға шығады. Мәселенің байыбына бармаймыз. Кісіге күйе жағылса да, бейқамбыз. Лажы болса, өзіміздің қара басты күйттейміз. Арасында адалдықты ысырып қоямыз. Жығылғанға жудырық болғанша, түзейік. Қолдан келсе, демейік. Бұл – адамзатқа ортақ алтын мінез!

Баяғыда біреу айтқан екен «адамдар қайда асығып бара жатқанын білсе, асықпас еді» деп. Шынында да, қауырт қимылдаймыз. Бүгінде «адам өзгерді ме, әлде заман өзгерді ме екен», ол жағын кім білсін?! Біздіңше екеуінде де өзгеріс сезіледі. Қысқа ғана ғұмырда тып-тыныш күн кешкенге не жетсін!

Кейде бес күн жалғанда мәңгі ғұмыр кешетін сияқтымыз. Ара-арасында «қолдан келсе, қоныштан басуға құштармыз». Бір күн сыйласып жүрген адам ертеңіне өзгереді. Басыңа сәл іс түссе, оны таппайсыз. Хакім Абай «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» дейді. Осы ұғым қайда қалды. Оны да ешкім елемейді. Бүгінгі құндылық ақшада емес, адамгершілікке сусап тұр.

Қоғамды түзейтін – адам. Демек, адам барлық бейсаналы мақұлықтан жоғары. Біз ойлай аламыз. Бойымызда сезу қабілеті бар. Қуанамыз, күлеміз, мұңаямыз. Бізден басқа ешбір тіршілік иесі мұндай қасиетке ие емес. Ендеше, жансыз, сезімсіз, қатыгезге айналмайық.

Біздің ғасыр жасаған әжеміз болды. Сол кісі үнемі «бұрынғының бәрі ертегі» дейтін. Соны неге жиі айтады деуші едім. Сөйтсем, сыйластық сарқылып, айла алға шыққандығын меңзеген екен ғой. Осыны енді түсінудеміз. Әлі талай нәрсені түсінеріміз хақ. Тек ауыр тимесе екен дейміз де!

Аспаннан жай түсіп жатса да, адамгершілік дейтін ұлы ұғым жоғарыда болғай. Сол биіктен құлдилаудан сақтағай. Дүниені құтқаратын осы бір ұғымның аясы кең қанат жайса дейміз.

Ұяда не көрсе...

Қазір ауыл да, қала да бір болып бара жатқан сияқты. Бұрын ауылдан келгендердің ұяты күштірек сияқты-тұғын. Бүгін бұл ескірген сияқты. Дала мен қала айырмашылығы шамалы ғана болып қалды. Қазақылықты сақтайтын рухани дүние молаймай, ілгерілеу қиын.

Біз, тілшілер қауымы, сәл нәрсені елейміз. Қоғам өмірі көңілге түрлі ой салады. Бірде Абай даңғылына қарай беттеп барамын. Қонаев көшесімен көтерілдім. Айнала жүйтіккен көлік. Түстен кейінгі кез еді. Адам қарасы көбейе бастаған болатын. Қала қарбалас. Бір сәтте бәріне үлгеруді ойлаймыз. Кешіксең, айыпты болатындай күй кешесіз. Ойда сан түрлі іс қабатталған. Сөйтіп, бағдаршамға жақындадым. Құманғазы мен Қонаев қиылысына жеттім. Жаяу жүргінші жолында қыз бен жігіт тұр. Екеуі де қазақтың ұл-қызы. Қыз сұр түсті ашықтау киім киген. Шаш белге төгілген. Әдемі келген ару екен. Жігіт қара-көк күрте киіпті. Бойы ұзын. Шашты замани етіп, толқындатып қойыпты. Өздері сондай жарасымды. Бірақ осы сұлулықты оғаш қылықтары бұзды. Әлгі жерде ел-жұртты елемей, айналасып тұр. Е-е... жолдың арғы бетіне өтуге асығар емес. Жаяу

жүрген, көліктегі кісіге қарауға ыңғайсыз. Барып бұларың не деп айтуға болар еді-ау. Солай айтсаң «сенің не шаруаң бар, менің құқығым» деп өре-түрегелері анық. Іштей қынжылып, өте шықтық. Осындай «әттеген-айлар» қаптап жүр. Мұндайға да бір тыйым болуы керек шығар.

Ел арасында «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді. Тобықтай сөзді шөкімдей оймен жеткізіп тұр.

Ұлттық болмыс

Халық даналығы «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» дейді. Осы күні өз құндылығымызға бет бұрып келеміз. Қанша заманауи болғымыз келсе де, өткенді ұмытпайық. Қазақта «Өткенді ұмытсаң, болашақ саған тас атады» деп тәмсілдейді. Тегі рас сөз.

Қазақстан – жас мемлекет. Нағыз елең-алаң шақтамыз. Бір жағынан жаһандану, екінші тұсынан діни көзқарас, үшінші жақта ата-дінгек, ұлттық болмысты сақтау керек болып тұр. Ел ішінде «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деседі. Өзімізге қажеттісін алып, қажетсізін қалдыратын кез жеткен шығар. Кейде ұят деп, ақиқаттан аттаймыз. Қысылып-қымтылып, артық жүк байлап аламыз. Болмашыға бас шұлғимыз. Қисынсызды қисынды етеміз. Алаш ардақтысы, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Бір адамға» атты өлеңінде:

«...Кесені қолыма алып қарай бердім,

Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп», –

дейді. Ақынның осы бір ойлары талай сырды аңғартады. Кісінің көңіліне келмеу, адалдықтан аттамау, біреудің еңбегін жемеу сияқты, т.б. толып жатыр.

Қазіргі таңда бәрі алғыр. Бала үлкендерден ақылды сияқты. Бәрін іштен біліп туғандай. Кез келген нәрсені жақсылыққа бұрсақ екен. Қазыналы қариялар институты болса, жасы келген кісілер оғаш киініп, тым артық қылыққа бармай, кішіге үлгі көрсетсе дейміз.

Дәл қазір ұрпақты бұзылудан сақтайтын кез. Білгірлер «ұл бұзылса отбасы, қыз бұзылса ұлт бұзылады» депті. Сөзге тоқтайтын, ұяттан аттамайтын қарақөздеріміз көп болса деп тілейміз.

Өркім өз ісін қылса. Сонда жас та, жасамыз та бақытты ғұмыр кешеді. Біз дүниеге үлгі болуымыз шарт. Еуразия континентінде билік құрған дархан бабалар жолын сақтап, ізін суытпауымыз қажет. Оны сақтайтын – ұлттық рух, болмыс және ұят. Бұл ғаламда ұяты күшті ұлттың алар асуы алда болады деп ойлаймыз.



ТҮЙІН:

Антон Чехов «Жақсы адам иттің алдында да ұятты сезінеді» дейді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осы дер едік. Заман қанша құбылса да, жер шарын тауысып, ғарышты игерсек те – ұяттан айнымайық. Өйткені, ұят адамзаттың жолбастаушы шамшырағы. Біздің ниетіміз қазақы болмысты сақтау. Жастар өз шыққан тегін білсе, үлкенді құрметтеп, кішіге ізет қылса, одан артық бақыт жоқ.





ҰЛТТЫҚ БАНК

**«FIFA WORLD CUP QATAR 2022»
коллекциялық монеталарының сатылымы
басталғаны туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы 2023 жылдың 28 наурызында «FIFA WORLD CUP QATAR 2022» коллекциялық монетаның сатылымға шығатыны туралы хабарлайды.

«FIFA WORLD CUP QATAR 2022» коллекциялық монетасын сату kazcoins.nationalbank.kz Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.

«FIFA WORLD CUP QATAR 2022» коллекциялық монеталары туралы



FIFA WORLD CUP QATAR 2022 монеталарының дизайнын FIFA Халықаралық футбол федерациясы бекіткен. Катардағы футболдан 2022 жылғы әлем чемпионатының ресми слоганы EXPECT AMAZING стадионның электрондық таблосындағы жазу стилінде жасалған. Монетада рельефті орташа деңгейде алтын жалату бойынша жаңа технология қолданылып отыр. Ол монеталық өндірісте алғаш рет пайдаланылды және доптың көлемін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Оның алтын жалатылған бөліктері футбол қақпасының тор деңгейінен төмен орналасқан.

FIFA WORLD CUP QATAR 2022 коллекциялық монеталары алтын жалату технологиясын қолдана отырып, 925/1000 сынамалы күмістен жасалған. Массасы 20 грамм, диаметрі 37 мм, номиналы 100 теңгелік.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнымен төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға жатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық банкінде банк шоттарына есепке алынып, аударылады, ұсақталады және айырбасталады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Ақпаратты «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы әзірледі.

**«SALIÝT-1» коллекциялық монеталарының
сатылымы басталғаны туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы 2023 жылдың 28 наурызында «SALIÝT-1» коллекциялық монеталарының сатылымға шығатыны туралы хабарлайды.

«SALIÝT-1» коллекциялық монеталарын сату kazcoins.nationalbank.kz Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.

«SALIÝT-1» коллекциялық монеталары туралы

Номиналы 100 теңгелік нейзильбер қоспасынан жасалған SALIÝT-1 коллекциялық монеталары «Ғарыш» сериясын жалғастырады. Монеталар Байқоңыр ғарыш айлағынан басқарылатын әлемдегі алғашқы «Салют-1» орбиталық ғарыш станциясының ұшырылғанына 50 жыл толуына орайластырылған.

**Монетаның сипаттамасы**

Монета аверсінің орталық бөлігінде өткен мен бүгінгі байланысы ретінде адам мен Ғаламның бірлігін білдіретін композиция бейнеленген. Монеталардың оң жағында: нейзильбер қоспасынан жасалған монетада – «100 ТЕҢГЕ» номиналын білдіретін жазулары бар.

Жиігінде айналдыра мемлекеттік тілде «QAZAQSTAN RESPUBLIKASY» және ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазумен көмкерілген.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) ортасында «Салют-1» орбиталық ғарыш станциясының бейнесі орналасқан. Айналдыра – монеталардың мемлекеттік тілдегі, орыс және ағылшын тіліндегі аты, сондай-ақ оқиғаның мерейтойлық датасын білдіретін «1971–2021» жазуы бар. Сол жағында – ғарыштан көрінетін Жер бетінің бейнесі. Төменгі бөлігінде – ағылшын тіліндегі BAIKONUR жазуы бар.

Барлық монета нақты құны бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің кез келген түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық банкіндегі шоттарда аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады.

Күмістен жасалған монеталар кәдесый орамында мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде ҚҰБ нөмірлік сапа сертификатымен шығарылады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

Ақпаратты «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы әзірледі.

**«Street art. BATYR BEINESI» коллекциялық
монеталарының сатылымы басталғаны туралы**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің» РММ Алматы қалалық филиалы 2023 жылдың 28 наурызында номиналы 500 теңгелік күміс қоспасынан «Street art. BATYR BEINESI» коллекциялық монеталарын сатылымға шығарады.

«Street art. BATYR BEINESI» коллекциялық монеталарын сату Ұлттық Банктің kazcoins.nationalbank.kz интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.

«Street art. BATYR BEINESI» коллекциялық монеталары туралы

18 мамырда дарынды композитор және әнші Батырхан Шүкеновтің туғанына 60 жыл толады. Номиналы 500 теңгелік күмістен жасалған Street art. BATYR BEINESI коллекциялық монеталары «Қазақстанды монеталар арқылы таны» атты жаңа серияны ашады.

**«Street art. BATYR BEINESI» монетасының сипаттамасы:**

Street art. BATYR BEINESI жаңа монетасы заманауи өнер мен Батырхан Шүкеновті мәңгі есте қалдыру секілді бірден екі мағыналық желіні біріктіреді. Бұл – ҚҰБ-тың стрит-арт сияқты қазіргі заманғы жастар өнерін қолдауға арналған алғашқы коллаборациялық монета жобасы.

Монетаның дизайнында Қазақстан стрит-артының ең жарқын жұмыстарының бірі – REPAS командасының «Батыр бейнесі» граффиті бейнеленген. Авторлардың бастамасы бойынша оны монетаның дизайнында пайдалану құқығы ҚҰБ-қа өтеусіз негізде берілді.

Коллекциялық монеталар нақты құнына сай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банк шоттарында аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады.

Күмістен жасалған монеталар кәдесый орамында мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде ҚҰБ-тың нөмірлік сапа сертификатымен шығарылады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

Ақпаратты «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы әзірледі.

**«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 549,10 теңге, 3 айға – 1647,30 теңге, 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1369,10 теңге, 3 айға – 4107,30 теңге, 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 469,10 теңге, 3 айға – 1407,30 теңге, 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**



Бас директордың
міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейтқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ


КӨКЕК КЕЛМЕЙ, КӨКТЕМ ШЫҚПАЙДЫ

«Жауын болмай, тәуір жоқ. Көкек келмей, көктем жоқ» деген даланың данагөй қарттары. Міне, күткен Көкегіміз төрге озып келеді

Келе жатқан айдың қазақ қойған атауы – Көкек. Ежелден солай. Осы айда табиғат жаңарады, жасарады. Жер мен Көк түрленеді, ерекше түрге енеді. Осының бәрі көкек құсының келуімен байланысты жүріп жатады.

Аспанды астаң-кестең күркіреткен,
Жас жанды жүз құбылтып, мың т
үрленткен.
Кеудесін шың мүжіген мұзбалықтай,
Жеттің бе, аман-есен, шіркін, көктем?!
Жеттің бе, шуақ шашып, шіркін,
көктем,
Жүрегін жұмыр жердің дүрсілдеткен.
Бөленіп қырым нұрға, жоным жырға,
Естілді үнім де өктем, күлкім де өктем!
Қағып сен көк күмбездің қоңырауын,
Жырлады әнші-дала өмір әнін.
Жігіт-жесел қыраттарда салады асыр,
Тіміскіп гүл-қыздардың омырауын.
Далиып дала жатыр есі кеткен,
Өкпек жел өреклиді төсін өпкен...
Жүргізген табиғатқа күллі әмірін,
Болмаса көктем сендей, несі көктем?!
Осылай деп бір кезде жырлағанмыз бар.

Сәуір негізі арабтан енген, мағынасы «өгіз» деген сөз. Аспандағы «Торпақ» жұлдызын арабтар «өгіз» дейді. Бізде де осы аттас сөз бар. Бұрыннан келе жатқан амалдың атауы. Бұл амалға қатысты қазаққа «Сәуір болмай, сайран болмас, сайран болмай, айран болмас», «Сәуір болса күн күркірер, күн күркіресе, көк дүркірер», «Сәуірдегі жауын – сауып тұрған сауын», «Сәуір



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

КӨКТЕМДЕ:

- * Жылқы ықтаса, келер қыс қатты болады.
- * Күн ерте күркіресе, мол жауын-шашынның белгісі.
- * Ай қораланса, бұршақ пен жанбырлы болады.
- * Торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады.
- * Көктемде таң күнгірт тартып, күн манаурап көтерілсе, жыл жауын-шашынды болады.
- * Көктем туғанда таң шашырап атса, молшылық, береке мол болады.

жақсылығына бақса, алты күн, жақсылығына бақпаса, алпыс күн» деген мақал-мәтелдер бар. «Сәуір болмай, тәуір болмас», «Сәуір айы – жауын айы» деген тәмсілдер жиі қолданылады.

Кейін саясаттың кері әсерінен Сәуір ай есебіне (Көкектің орнына) енді. Ақиық Мұқағали ақын: «Сәуір айы шопанға – сарыуайым, малмен бірге бағады ауа райын...», – деп, сәуірдің аса қолайсыз кезең екенін нақпа-нақ білдірген. Дегенмен, бұл қазақ үшін ең ғажап мезгіл. «Сәуір болмай, тәуір болмайды» деп бабалар бекер айтпаса керек.

Сәуірде түрлі амалдар да көп. Мысалы, «Бесконак» амалы оңтүстікте наурыздың соңына қарай өтсе, батыста сәуірдің алғашқы аптасында көрініс береді. «Отамалы» амалы, оны қазекен «ойылған қыс» деп атаған. Мұнан кейін «Сәуір» амалы келеді. Ал Арқада осы мезгілде орын алатын «Алтын күрек» деген амал (өкпек жел, салқын самал) бар. Сәуірдің соңы мен мамырдың басында алапат нөсер болады. Бөкендер мен киіктер төлдейді. Араға аз уақыт салып дауыл тұрады. Киіктердің төлін өргізетін кез басталады.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, наурыздың 30-ы. Ай есебінше, әлі 8-і.

Ал қазақша, наурыз ортасынан ауды, – 17-сі. Апта айдың басын, ортасын және соңын түгел қамтып тұр. Әрбір туған айдың басында, ортасында ауа райында өзгеріс болуы табиғаттың бұлжымас заңы. Осындай амалы көп сәуір айында ауа райында айтарлықтай өзгерістер болуы ғажап емес.

Қазір өрік гүлдейін деп, бүршік жарғалы тұр. Еліміздің оңтүстік астанасы – мың жылдан астам тарихы бар Алматы шаһарының сан алуан түрлі гүлге бөленіп, мың бояюлы қала атанатын шағы алыс емес...

ОҚЫРМАНДАР СҰРАУЫНА ОРАЙ

ШОЛПАН мен ТАҢШОЛПАН

Қазақ Шолпан мен Таңшолпан екі жарық жұлдызды аспан әлеміндегі апалы-сіңлілі жұлдыздар деп есептейді. Бұл екеуі де таң атып келе жатқанда, таң белгісі ретінде жарық шақыратын, күн шығаратын, адамдарға тіршілік сыйлайтын киелі жұлдыз деп білген және солай есептеген.

Қазақ Шолпан жұлдызы мен Таңшолпан жұлдызының қатар туғанын көрген адам өмір бойы, тіпті жеті атасымен бақытты болады, мол ырзықты, таусылмас дәулетті болып өтеді, ұзақ өмір сүреді деп ырымдаған. Бұл екі жұлдызды да таңмен таласа оянған қыз бен жігіт қатар көрсе, екеуі өмір бойы бір-біріне ғашық болып өтеді, араларына жамандық кірмейді, ұрпақты, ғұмырлы болады деп ырымдаған.

Қазақ есепшілері Таңшолпан жұлдызын мынадай екі уақытта көруге болады деп қараған: бірі, күн шығар алдында, ала таң кезінде, таңмен таласа жай Шолпаннан кейін туады. Екінші, қара барқын түндерде, бұлтсыз ашық кештерде өте зейін қойып, анық бақылап іздеген адамға көрінеді. Ал айлы жарық түндерде, ай сүттей жарық болып толып тұрған алакеуім тандарда Таңшолпан жұлдызын мүлде көре алмайсың. Қазақтың Таңшолпан жұлдызын көрген адам бақытты болады дегені де рас. Өйткені, Таңшолпан жұлдызының атын көп адам біледі, естиді. Бірақ оны өз көзімен көрген адамдар тым аз, тіпті жоқтың қасы деуге болады.

Қазақ есепшілері Таңшолпан жұлдызы бір жылда сексен сегіз рет қана шығыс көкжиектен көрінеді. Қалған күндері Таңшолпан күн қойнында күнмен ілесіп, көрінбей жүреді. Ол күннің ғашығы деген рауаят бар. Қазаққа «Сегіз – сегіздің аяғы семіз, семіздің аяғы – сексен сегіз» деген тәмсіл сөз бар. Осы тәмсіл Таңшолпанның бір



жылдағы сексен сегіз рет жарық болып көрінуіне байланысты туған сөз.

Қазақтың бүгінгі сұңғыла аспан есепшілері қос Шолпан да түн ортасында біраз уақыт көрінбей жүреді де, таң алауымен араласып күншығыс жақтан жарқ ете қалады. Олар күн жарығымен ілесіп көрінбей, батысқа қарай баяу қозғалып сырғып отырады. Күн батып, жер бетінде жарық сөнген соң, іңір жарығында туа қалады. Мұны білетін қазақ есепшілері бұл кездегі Шолпанды Шолпан деп атамайды. «Болпан» туды дейді. Батыстан көрінгенде оны «Тұлқатын» деп те атаған. «Осыдан кейін Болпан күншығысқа қарай айналып жылжиды. Күн шығысқа жетіп, таң атар алдында туғанда оны енді «Шолпан» деп атайды.

Ал Таңшолпан Болпан болған Шолпаннан сәл өзгеше. Таңшолпан негізінен, күншығыс жақтан күн шығар алдында ғана көрінеді. Бір айыбы, көп ұзап тұрмайды. Жарқ етеді де, жоқ болады (Өмірзая). Ол Юпитер планетасы. Артынан лезде күн шығады.

Қазақтың малшылары арасында «малды Болпан туа қораға, Шолпан туа өріске айдады» деген сөз тіркесі бар. Бұл үлкен Шолпанның батыстан көрінуі мен қайта айналып күн шығыстан тууына, таңның атып, кештің батуына қарай шаруашылығын ыңғайлағандығынан туындаған сөз болса керек.

Бетті әзірлеген
Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ.